

П И О Н Е Р



№ 9

СЕНТЯБРЬ
АЛМАТЫ

1948 ЖЫЛ

Барлық елдердің пролетарлары, бірігіңдер!



ПИОНЕР

ҚАЗАҚСТАН ЛКЖО ОРТАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ
АЙЫНА БІР РЕТ ШЫҒАТЫН БАЛАЛАР ЖУРНАЛЫ

№ 9

СЕНТЯБРЬ

1948 жыл.

Андрей Александрович ЖДАНОВ

Халқымыз ауыр қазаға ұшырады. Біздің сүйіктіміз, данышпан Сталиннің жақын серігі, Бүкілодақтық Коммунист (большевиктер) Партиясының Орталық Комитетінің секретары Андрей Александрович Жданов жолдас ауыр науқастан кейін 31 август күні қайтыс болды. Бұл ауыр қаза барлық совет адамдарын қатты күйіндірді. Өйткені Андрей Александровичті еліміздің кәрі-жасы тегіс жақсы білуші еді, оны жанындай жақсы көруші еді.

Андрей Александрович Жданов жас кезінен-ақ революция жұмысына қатынасты, большевик партияның қатарына кірді. Андрей Александрович Оралда Ұлы Октябрь социалистік революциясын даярлауға және өткізу қатысты, азамат соғысының ауыр жылдарында ол Қызыл Армия қатарында болып, совет жауынгерлері арасында саяси ағарту жұмыстар жүргізді. Онан кейін Оралда, Тверьде (қазіргі Калинин қаласы), Горький облысында басшы партия, совет қызметінде болды.

1934 жылы декабрьде Сергей Миронович Киров жау қолынан қаза тапты. Партиямыз Ленин қаласы большевиктеріне басшылық етуге Андрей Александровичті жіберді.

Ұлы Отан соғыс жылдарында партия мен үкімет Андрей Александрович Ждановқа Ленинградты қорғау ісін ұйымдастыруды тапсырды. Оның басшылығымен немістерге Ленинград түбінде күйрете соққы берілді.



А. А. Жданов

ойдағыдай меңгеруіне, Лениннің—Сталиннің ұлы істерін ілгері алып бару үшін өздерін большевиктік ерлікке, табандылыққа, тәртіптілікке баулуларына тілектеспін», деп жазды. Совет оқушылары мен пионерлері Андрей Александровичтің бұл езгі тілегін, аталық ақылын ешқашан естен шығармауы тиіс.

Жданов жолдасың барлық өмірі мен қызметі — Отан үшін, халық үшін жанқиярлықпен қызмет етудің тамаша үлгісі. Оның жарқын бейнесі мәңгі ұмытылмайды.

Андрей Александрович Ждановтай Отанға, партияға шексіз берілген, қайтпас қайсар, асқан білімді адам болуға ұмтылыңдар.

Ленинградты қорғаудағы еңбегі үшін Андрей Александрович әуелі генерал-лейтенант, онан кейін генерал-полковник атағын алды.

Андрей Александрович жұмысты көп істеуші еді, соныменен қатар ол оқудан ешқашан қол үзбейтін. Ол заманымыздың асқан оқымысты адамы еді. Соңғы жылдары Андрей Александрович әдебиет, искусство мәселелері жөнінде бірсыпыра тамаша баяндамалар жасады.

Андрей Александрович совет балаларының ең жақын сүйікті досы еді. Ол әрқашан жас жеткіншектер жөнінде қамқорлық жасап отыратын. Жданов жолдас совет жастарына жолдаған бір хатында:

«Жас жолдастардың отлучно оқып ғылым негіздерін



Ол партаға отырды

С. БАКБЕРГЕНОВ

Бірінші сентябрь—Совет мектебі оқушыларының мерекелі күні. Бұл күнде миллиондаған жас мектеп талбалдырығын аттап, партаға отырып, алдындағы болашақ белесіне қол созады. Бір белден, алға қарай бір бағын коммунизм асқарына қадам басады.

Мектеп оқушыларының мерекелі күнінде бұрынғы балалармен қатар, бұған дейін сапта болмаған жаңа адамдарды көрдік.

— Мына бала өткен жылы бұл мектепте болған емес, — деді мектеп күзетшісі.

— Біздің қатарымыз жыл сайын жаңарып отырады, оны сіз білмейтін бе едіңіз?

— Е, әлгі мектепке жаңа келгендер екен ғой.

Мектепке жаңа келгендер қатарындағы жаңа адамның бірі мынау — Болат Бектемісов. Мұны сіздерге қалай таныстыру керек. Мұның өмірбаяны ешбір жерде, ешқашанда, бұдан бұрын жазылған емес. Болат Бектемісовтың өмірін жазушы да, жазамыз деушілер де болған жоқ. Оның өмірін жазудың хажеті де болған емес. Туған жылы туралы куәліктен басқа ешбір қағазға бұдан бұрын аты-жөні де жазылмаған болар.

Бектемісовты таныстырудың несібін сұрап отырсындар. Ол ешнәрсе де көрген жоқ, ұзақ сапарда, жорықтарда болған емес. Атап айтатындай ерліктер түгіл, езімеп бірге өскендердің маңдайынан да шертпеген болар. Тойған қозы сыяқты томшығып қана қалған қара көз, қара шашты, қара домалақ бала. Ол 1941 жылы туған. Бұдан басқа ол туралы ешнәрсе жазуға болмайды.

Болат туғанда әкесі Ғалымжан Бектемісов ұлым бар деп қуанды. Бірақ, ол ұлының бетінен сүйе алған жоқ. Соғыс басталып кетті. Сонымен Болат әкесін де көрген жоқ.

Болат жүзін танымайтын азамат Ғалымжан майданда баласы, артында қалған жас нәрестесі үшін қолына

қару ұстап, түнде жортып, қараңғылық жамылып, ақ киіп қарға жатып, шығыстан батысқа қарай санар шекті. Ол шығыс жақта артында қалған, сүйе алмай кеткен жас бөбегіне ертерек жету үшін ылғый батысқа қарай асыға жүрді.

Ол Болатты көруге асықты. Ғалымжан Болатқа әудем жер қалғанда, Берлин маңында ерлік қазаға ұшырады.

Ол әкесін көре алмай қалды. Бірақ, оны жоқтаған жоқ. Үйдің төр жақ қабырғасында ілулі тұрған үлкен портрет оның әкесі болып көрінді. Ол талшынып, жоғары қарай қолын созғанда, сол портретке қарап қолын созды. Болат әкесі Ғалымжанға қарап күле алған жоқ. Күндей күлген көсем суретіне қарап қана күлді.

Сол Болат Ғалымжанұлы Бектемісов бірінші сентябрь күні Совет мектебінің есігін ашып, тұңғыш рет партаға отырды. Ол кәзір № 18 қазақ орта мектебінің бірінші класс оқушысы деп саналады.

Қараңдаршы, балалар, кешегі майдан ерінің артында қалған нәрестесі бүгін совет балаларының сапына келіп қосылды.

Қолында қарындаш, қағазы бар, қара домалақ бала бірінші класс ішінде ең алдыңғы қатарда отыр. Сүйкімді, от жалынды жас Болат Бектемісовты көргенде Ғалымжан Бектемісовты, кешегі майдан солдатын көресін.

— Мұндағы ең қызық нәрсе, — деді бірінші класс оқытушысы Бектемірова жолдас — кешегі Ұлы Отан соғысында болған кемдік орыны қалай толады. Сол соғыс басталатын жылы туған жас нәрестелермен орын толып келеді. Мына Болатты Ғалымжан демеске не қалқың бар?!

— Я, бұл әкенің орынбасары, ердің көзі. Қадамыңз гүл бітсін дегеннен басқа айтарымыз жоқ.

Жазылып бітпеген хат

Т. ТӨГІСОВ

Одан бері бір талай
Өтті уақыт арада,
Жазбақ бопты маған хат
Кішкентай Мәкен бала да.
Хат жазуға жыйнапты
Талай қағаз, қарындаш.
«Жазып жатыр ол», дейді,
Әлде өтірік, әлде рас,
Күнде күтем,
Бірақта
Мәкеннен келген хат та жоқ.

Күн артынан күн өтті,
Әлде неше апта боп,
Қадыштан сұрап,
«Мәкеннің
Хаты қайда?» — дегемін,
Оны есті сап,
Тағы да
Жолдапты маған сәлемін,
«Қашпас,
Хат та жызылар,
Алмасын аға қысымға»

Хатымды жазып бітірем
Келесі жылдың қысында,
Бұл қалай? Оның жазбағы
Роман ба, дастан ба?
Тұра тұрсын оны ма,
Алдаған екен әсте ол да!
Жоқ, айтқаны рас қой,
Алдасын неге ол ағасын,
— Рас, қалқам,
Мектепке
Келесі жылы барасын!

465339

Жаңа оқу жылында жақсы оқыңдар!

Ә. СЕМБАЕВ,
Қазақ ССР оқу министрі

Қымбатты балалар, бәріңді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтаймын.

Қызықты жазғы демалыс уақыты аяқталды. Сендердің көпшіліктерің бұл уақытты пионерлер лагерьдерінде, балалар санаторийларында тағы сондай денсаулық көтеретін орындарда өткізіндер. Көмпіліктерің өздеріңнің туған колхоздарыңа қолдарыңнан келген көмектеріңді көрсетіп, жазғы демалыс уақытында колхоз далаларыңда ойдағыдай жұмыс істедіңдер, ал қай біреулерің туған өлкені зерттеу жөнінде қызықты саяхаттар жасадыңдар немесе мектеп жанындағы учаскелерде гүл, жеміс тағы сондай өсімдіктер өсіру жөнінде елеулі жұмыс атқардыңдар.

Ал, енді жақсылап тынығып күштеріңе күш қосып,


өздеріңнің денсаулықтарыңды нығайтып алып, құшағың жая қуанышпен қарсы алатын мектептеріңе келіп, жаңа күш, жаңа жігермен тағыда оқуға кірістіңдер.

Қымбатты балалар! Сендердің болашақтарыңа сүйіспеншілікпен қарап, бақытты болуларыңа біздің елімізде мүмкіндіктің барлығы да жасалған. Бұл жөнінде біздің үкіміміз бен партиямыз, біздің сүйікті көсеміміз Сталин айрықша қамқорлық көрсетіп отыр, халқымыз балалар үшін жаңадан сәулетті мектеп үйлерін, балалар санаторийларын, пионерлер сарайын, үлкен кітапханалар да салып жатыр.

Мыңдаған совет адамдары, балалар, сендердің 1 септябрьде сәулетті жақсы мектеп үйіне келіп оқуларың үшін және оқуға керекті барлық жабдықтың сай болып тұру үшін еңбек етті.

Қазір біздің ұлан байтақ елімізде ұлы құрылыс жұмысы жүріп жатыр. Соғыстан кейінгі Сталиндік бесжылдықты мерзімінен бұрын орындау үшін, сөйтіп өмірімізді мұнан да бақытты, мұнан да қуанышты ету үшін әрбір совет азаматы өзінің жұмыс істеп жүрген орнында қажырлы қайратпен жанқиярлық еңбек етіп, мемлекет алдындағы өз борышын ақтай білуі міндет.

Ал, балалар, сендер — социализм елінің жас азаматтарысыңдар. Сендердің жұмыс орындарың — мектеп, сендердің мемлекет алдындағы бірінші міндеттерің оқуды жақсы оқу. Мұны сендер ешқашан ойларыңнан шығармауларың керек.



Әбдіхамит Ібниәулы Сембаев.

Сендердің әрқайсың совет адамдарының — ауылшаруашылығы мен өнеркәсіптің стахановшыларының, ғалымдар мен артистердің, физкультурашылар мен шахматшылардың әрбір жеңісін қуанышпен қарсы алатындықтарыңды жақсы білемін. Сендердің әрқайсың солардай болуды хиял етіп ойлайтындықтыңды, солардай болып сүйікті Отанымызға пайда келтіруді мақсат ететіндеріңді де жақсы білемін. Ал, балалар, сендер өздеріңе хиял еткен мұндай мақсаттарға жету үшін, қажымай-талмай көп оқып үйренулерің керек, тәртіпті, мәдениетті болуларың керек, еңбекті сүйе білулерің керек, сөйтіп сендерді мәселен өсіріп отырған мемлекет алдындағы өз борыштарыңды жақсы ұғына білулерің керек.

Біздің ұлы құрылысымызға қолыңан іс келетін, ыждаһатты адамдар хажет. Біздің өнеркәсібіміз бен ауылшаруанылығымызға мәдениетті және өз жұмысын жақсы білетін маман қызметкерлер хажет болып отыр.

Олай болса, балалар, оқуға жұмыла кірісіңдер. Біздің ұлы көсемдеріміз Ленин мен Сталин қалай оқыса, сендер де солардай болып оқуға тырысыңдар. Білім қазнасын құныға жыйнап, бойларыңа сіңіре біліңдер. Өздеріңді сүйікті Отанымыздың игілігі үшін ұлы еңбекке әзірлей біліңдер, сөйтіп ұлы халқымыздың данқына лайықты мирасқоры бола біліңдер.

Жұмыстың жеңіліне ұмтылмаңдар, үлкен, қыйын жұмыстан қорықпаңдар, ешқашан бастаған жұмысты аяғына жеткізбей тастайтын болмаңдар, қыйыншылық атаулыдан қорқу, үрқу дегенді білмейтін болыңдар. Большевиктер әрқашан осындай болған, міне сондықтан да олар еңбекте болып, майданда болып әрқашан жеңіске ие болып отырған.

Мектептеріңді жан-тәндеріңмен сүйіп, оның абройына ешқашан нұқсан келтірмейтін болыңдар. Совет үкіметі мен коммунист партиясы сендерді оқытып, тәрбиелеу жұмысын сеніп тапсырған өздеріңнің мұғалімдеріңді жақсы көріп, сыйлап қадірлей біліңдер.

Қымбатты балалар, сендердің жаңа оқу жылында оқуларыңды мейлінше жақсы оқып, тамаша табысқа жетулеріңе тілектеспін.

Жаңа мұғалім

Повестен үзінді

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ

В. ОСЕЕВА

(Соңы. Басы өткен санда)

ГЕОГРАФИЯ САБАҒЫ

— Бұл қызық екен,— деді мұғалім күлімсіреп. — Қәне, көшенің, құрылыс орындарының жоспары қалай жасалатынын балаларға көрсетейік. Мектепті көрсетші оларға.

Сева барлық парталарды аралап жүріп:

— Міне, мынау көше... бұл мектеп,— деп түсіндіріп жүр.

Ол көрсетіп болғаннан кейін, Сергей Николаевич:

— Қыздар бізге ешнәрсе көрсетпеді ғой! — деді.

Қыздар еңкейіп парталарынан кестелерін алып жатыр. Лида Зорина балаларға мақтаным үшінмен бір қарап қойды да, Валя Степанованың кұлағына сыбыр ете қалды.

Степанова орнынан тұрды:

— Бізде бір фото бар... тағы бір қыз саздан ойыншықтар жасайды... енді біреуі кітап түптейді... және біреуі... деді де құрбыларына бұрылды.

— Ойыншықтар... ойыншықтар, — деп біреу артқы жақтан оның есіне салды.

— Я, ёлка ойыншықтары және... кестелер бар,— деп аяқтады сөзін ол.

— Олай болса неге бөгеліп отырсындар, әкеліндер! Олардың барлығы өте хажетті, өте керекті нәрселер және қызық та ғой.

Қыздар бір-бірімен сыбырласып, әркім өзінің түйіншегін алды да, тобымен столдың жанына келді.

Таң-тамаша болған балалар:

— Ой, қулар-ай, қай кезде жасап үлгірген өздері! — десті.

— Қарашы, қарашы! Степанова сурет көрсетіп тұр.

Сергей Николаевич фотосуретті көріп отырып:

— Өте қызықты жұмыс бұл. Мұны өзін үлкейткі бе? — деді.

Суреттен кейін саздан істелген, аузын ашып қанатын жайған қарғаның балапаны, бұдан соң гипстен құйылған ойыншықтар, ойыншықтан кейін түптелген кітап пайда болды. Балалар жым-жырт аң-таң болып қарап отыр.

Сергей Николаевич мұның бәрін зор көңіл қойып көріп шықты. Жақсыларын кластағыларға көрсетті. Кестелер де, торлар да мұғалімге ұнады.

— Мынаны істеуді мен де білемін,— деді кенет ол. сутаждан өрілген белбеуді көрсетіп. — Тап осындай галстугім бар.

Қыздар мәз-майрам. Балалар езу тартып күлгенмен, қыздар жаққа көз салмайды. Мұғалім тағы да біраз кестелерді көрді, бір кестедегі суреттің не қоян, не мысық екенін білу қиыны еді. Олар тышқан кірпі-шешен, үй қояны туралы әңгімеге көшті.

Одинцов әзілдеп:

— Леня Белкин белка (ақ тыйын) ұстап алды,— деді.

— Әттегене-ай, бізде әкесінің аты аю деген баланың жогын қарашы, айтпегенде аю ұстаған болар еді,— деді мұғалім.

— Бар! Ондай бала бар бізде,— деп шу ете түсті балалар.

Аласа бойлы, жұқа өнді Медведев деген бала орнынан тұрып:

— Аюды ұстау менің қолымнан келе қоймас,— деді ұялып Балалар оның сөзіне ду құлді.

Бірінші сабақ география еді. Сергей Николаевич класқа мылқау үлкен карта әкелді.

— Қазір біз аздап сапар шегіп, саяхат жасайық.— деді ол, шетте тұрып.

Сергей Николаевичтың бетіне терезеден жарық түсіп тұр еді, балалар оның көзі отты екенін, тісінің өте ақтығын алғаш рет білді. Тісінің ақтығынан оның күлкесі қараторы жүзін жайдары етті.

— Қәне... Трубачев, Зорина, Мазин! — деп біртіндеп тақтаға шығарды.

Балалар аты аталғандардың біртіндеп тақтаға шыққанын енді не болар екен деп анталап қарап отыр. Васек өзін еркін ұстауға тырысты, кара көзді Лида Зорина жыпылық қағып ол тұр, тіпті, Мазиннің томпақ жүзіне де қан жүгірді. Үшеуі де картаның жанына барып тұрды.

Мұғалім бұл үшеуін бір шолып өтті де:

— Мысалға үш балықшы, балықшылар бригадасының бригадирі су жолымен Москваға балық әкеле жатыр делік...

Бірде-бір сөзін шашау шығармай балалар зейнімен тындап отыр.

— Трубачев, сен Балтық теңізінен балық әкеле жатырсың... деп, мұғалім картаға қарады... Зорина балықты Қаспий теңізінен, ал, Мазин — Ақ теңізден әкеле жатыр. Барлық үш бригада Москвадан жолығысуға тиісті. Түсінікті ме?

— Түсінікті—деп жауап берді Васек бәрі үшін.

Лида Зорина табанда-ақ картаға шүйіле кетті. Мазин өзендерді іздестіре бастады.

— Әбден жақсылап қарап алындар, таңдаған жолдарымен сапарға аттанындар,— деді Сергей Николаевич.

— Қәне, кім бірінші болып бастайды?

Балалар біріне-бірі қарап алды.

— Мен,— деді де, Васек қолына көрсеткішті алды. — «Не де болса, іске сәт»,— деп ойлады ол.

— Трубачев сен бастайсың ғой. Ал, бастауына болады.

— Балтық теңізінен Фин қолтығына кіремін,— деп бастады Васек.

Мұғалім басын изеді.

— Нева арқылы өтіп...— деді де, Васек картадан көрсетті.

— Жақсы,— деді Сергей Николаевич.

— Ладож көліне келдім... деді Васек уақыт ұту үшін тамағын кенеп қойды.— Одап кейін мына біреу өзін арқылы...

— Свири... деп есіне салды Сергей Николаевич. Васек сөзін тездете бастады.


— Онега көліне келдім...

Енді бір минуттан кейін ол Шекене өзенінен Рыбинскі теңізіне келді де, аман—есен Москваға да жетті. Ол кеудесін кере дем алды.

— Өте жақсы, Трубачев! Енді жолдастарының келуін күт.

Лида Зорина қолына көрсеткішті алды.

— Міне, сенімен кездесу үшін Зоринаның әйелдер бригадасы келе жатыр. Зорина, қайдан келе жатырсың?



— Каспий теңізінен келемін, — деп жауап берді Лида Зорина параходын Еділге алып шығып, Астраханның, Сталинградтын жанынан өтіп, Окаға келді. Жол бойындағы қалаларды саспай атап шықты да, аман-есен Москваға жетті. Ол шашын қайырып тастап, қолындағы көрсеткішті Мазинге берді.

— Мен мына жерден шығамын, — деп Мазин Солтүстік Двинаға баратын бағытты сілтеді. Мұғалім езу тартып күлді де:

— Өзің білесің, одан да қысқа жол бар, — деді.

— Мен Солтүстік Двинамен жүремін, — деді Мазин ешбір дәлелсіз. Ол өзі білмейтін қайдағы бір өзен таурауларын көрсетумен болды.

Оң жақтағы өзеннің аяғы жоқ болып кетті де, сол жақтағы жол белгісіз болды. Мазин ойланып тұрды да, кері қайтты.

Мұғалімнің іштей енді қалай жүресің деп отырғанын сезген Мазин:

— Тұйықта қалдым, — деп білмейтінін мойындады.

— Трубачев, жол сілтеп жіберші Мазинге, — деді мұғалім.

Трубачев Мазиннен көрсеткішті алды.

— Сухон арқылы Рыбинскіге келуге болады, — деді ол.

Мазин Трубачевтің көмегімен Москваға келіп жеткенде, Сергей Николаевич үшеуін орындарына отырғызып, былай деді:

— Трубачев қиын сапарды шеше білді, Зорина да қателеспеді, ал, Мазин — әзірше нашар саяхатшы. Москва, менімше, одан балықты жуырда ала алмайтын шығар.

Балалар біраз күліп алысты. Бірақ, Сергей Николаевич байыппен:

— Мазин саған біраз оқып түсу керек болады, — деді. Мазин желкесін қасып түсіп:

— Мен сабақтан көп қалып қойдым. Егер мынаумен бірге оқып, қуып жетсем... — деп Трубачев тұрған жаққа қарай ишарат етті.

— Трубачев, жолдасына көмектес, — деді Сергей Николаевич.

Бұған қуанған Трубачев:

— Әрине, көмектесем, — деді де Мазинге қарады.

Оның бұл қарасынан Мазин сабақтың оңай соқпайтынын аңғарды. «Мұнымен мен Москваға ғана емес, Атлантика мұхитына да сапар шегетін шығармын, тегі», — деп ойлады ол ауыр күрсініп, Расында да солай болды.

Васек үзіліс кезінде оған келіп:

— Кесіп айт: Мен саған келейін бе немесе сен маған келесің бе? — деді.

— Мен саған барайын, — деді Мазин салы суға кетіп.

— Ей достым, — деді Русаков жолдасына, — мен тап қазіргі сенің жағдайыңа көне алмас едім. Трубачевпен сабақтас болған соң-ақ көксау болдым десеңші. Барлық тау-тасты кезіп, өзен біткеннің бірін қоймай, шомылып шығасың, — деп әзіл-нәзілмен неғизіңдесең болады!

— Мейлі, бүкіл класс алдында тұңғыйыққа батпасам болды ғой, — деді ызаланған Мазин.

Тамақтан кейін ол Трубачевқа барды.

Васек оны келе қоймады дегендей мазасызданып әлсін-әлі есік жаққа караумен болды.

— Ойпырай, тамақтануың қандай сылбыр еді. Сенің орнында басқа біреу болса, бір сыйырды бір өзі жайғастыратын уақыт өтті, — деп қарсы алды ол жолдасын.

Мазин еденде жаюлы жатқан картаны көрді де, желкесін қасып:

— Еге, бас көрікті! — деді.

Вася география кітабын алып:

— Нені білетініңді және неден білмейтініңді ашып айт, — деді.

Оқу кұралына тосырқап қараған Мазин:

— Ешнәрсе де білмеймін, — деп жауап берді.

— Тіпті ешнәрсе де білмейсің бе?

— Түкте білмеймін.

— Жарайды, — деді Васек, — олай болса, бірінші беттен бастаймыз.

— Мен зейіндімін, — деп жұбатты оны Мазин — Ал, айта бер.

Балалар сабақ оқуға кірісті. Тәтесі бөлмеге екі рет келіп, картаға үкіліп жатқан екі баланың жанынан аяғының ұшымен жүріп шығып кетті. Мазин кеткеннен кейін ол Васькаға:

— Ол семізге бола денсаулығыңды неге зая етесің. Екі сағат бойы тізерлеп еңбектеумен болдың. Шалбарының тізесінен не қалды дейсің. Булай ет деп саған кім рұхсат берді.

— Мұғалім бұйырды. Тәте, ол зейінді, қорықпа, — деп жауап берді Васек, ертеңгі сабаққа кітаптарын әзірлеп жатып.

ӨЗІНІҢ ПРОФЕССОРЫМЕН БІРГЕ

Қалада таңертеңнен бері боран бет қаратпай қойды. Марттың аяқ шені еді. Бұл айбарлы ай өткен кеткеннің қойны-қоншына қар тығып, маза бермеді. Бізғырық жел соғып тұр, анау айтқан қатты аяз болмағанмен, мектепке келген балалар әбден жаурайды.

Бұл күні ақырғы сабақ география болды.

Үлкен үзіліс кезінде Трубачев Мазиннің жанына келіп, былай деді:

— Егер сенен сұрай қалса қорықпа. Білмеген жерін болса, мұны білмеймін деп расыңды айт.

Сергей Николаевич көңілденіп келді. Қолын уалай:

— Көктем ісі келеді, Көрі қыс долданып-ақ тұр. Қайтсын, күні өтіп барады ғой. Мартта бітіп келеді.

Класс әрі таза, әрі жылы еді. Кезекші Одинцов пен Степанова еді. Олар мектепке бәрінен бұрын келіп, бұрыш-бұрыштағы шаңға дейін сұртті. Валя Степанова тақтаны сұрту үшін үйінен үтіктелген шүберек әкелді. Одинцов мұғалімнің алдында ерекше ұқыптылықпен картаны жайып жібергенде, Сергей Николаевич:

— Сенің карта жайғаның тап ертегілерде айтылатын қызыл-ала кілем жайған сыяқты ғой, тіпті, — деп әзілдеді.

Одинцов отырған соң, мұғалім қойын дәптеріне қарады да, кенет:

— Мазин және Трубачев! — деді.

Трубачев қып-қызыл болып, орнынан ұшып тұрды. Мазин алдыңғы қатарда отыр еді. Қолапайсыз ол партасынан тұрды да, күртесін бір тартып қойып:

— Жүрі! — деді Трубачевқа қарап.

Балалар мырс ете қалды. Сергей Николаевич та езу тартып күліп алды.

— Ол оның профессоры ғой, — деп әзілдеді ол.

Екі бала тақта алдына келіп тұрғаннан кейін, Сергей Николаевич география кітабының бетін ашты.

— Ал, Мазин жағдай өзгерді ме? — деп сұрады Сергей Николаевич.

Мазин Трубачевқа баяу бұрылып қарады да:

— Менің жағдайым қалай дейсіз бе? — деді.

Балалар тағы күлді. Сергей Николаевич басын шайқап:

— Мен Трубачевтан сұрап отырғаным жоқ. Сен өзін үшін жауап берші! Халің қалай, географиядан сауатыңды аштың ба, жоқ па, деймін, — деді.

Мазин партаға тесіле қарап:

— Аштым, — деді.

— Енді ешкімнің көмегіңсіз Ақ теңізден сапар шегіп кете аласың ба?

— Кете аламын.

— Жақсы. Егер біз сені Ленинградтан Ақ теңізге жіберсек қайтер едің?

— Бара аламын, — деп Мазин көрсеткішті қолына алды. Ақ теңіз — Балтық каналы арқылы барамын.

Ол каналмен жүріп отырып, Архангельскіге келіп тоқтады.

— Міне, келіп те жеттім. Жолда бес күн жүрдім.

— Жакын сапар емес, — деді Сергей Николаевич.

— Егер Ақтеңіз—Балтық каналы болмаса, қайсы жолмен жүрер едің?

Мазин айналма жол — Европаның солтүстік жағалауларын көрсетті де, лезде қанша уақыт кеткенін де дәл айтып:

— Жолға он жеті күн кетті, — деді.

— Жарайсың, Мазин! Жаксы оқығаныңа көзім жетті. Ал, енді сен Ақтеңіз — Балтық каналы туралы не білесің, соны айтып бер бізге, егер қателессен, Трубачев түзел жіберер.

Мазин асықпастан баяндауға кірісті:

— Сталин атындағы Ақтеңіз — Балтық каналының ұзындығы үш жүз километр...

— Екі жүз километр, — деп түзеді Трубачев. Бұйра-ланған сары кекілі жапқан маңдайы аз жібіген, көзі жайнап тұр.

— Екі жүз километр, — деп сөзін дұрыстап әкетті де, Мазин көрсеткішті қолына алды. — Канал Онега көлін Ақ теңізбен жалғастырады...

Мазин адаммен сөйлескендей, картамен де әрі биязы, әрі еппен ғана мәмле жасайды.

— Жарайсың, Мазин! Енді саған Трубачевтың хажеті жоқ шығар ә? — деді Сергей Николаевич.

— Атай көрмеңіз. Жанымда тұрсын қайта. Мен оған тіпті бауыр басып кетіпмін, — деді Мазин.

— Ол әдетінді таста, Трубачев өмір бойы сенің жаңында тұра бермек пе? Трубачев отыр!

— Тұра берсін жаңында! — деп айқайлады Русаков күдіктенгендей.

Бәрі де оған жалт қарады, ол ұялғанынан, басын партаға тасалай қойды.

Сергей Николаевич Мазинге отыруға рұхсат берді де, арқасынан қағып:

— Өте жақсы, Мазин! Тіпті, сен үшін мен қуанып отырмын. Асықпаған арбамен жүріп қоян алар дегеннің нақ өзі сен болдың — ау, тіпті! Енді осыныңдан таймағайсың. Ал, Трубачевқа алғыс айт.

— Трубачев!

Васек ұшып тұрды. Мұғалім оның қуанышты жүзіне көзі түсті.

— Жарайсың, жігітім!

Сергей Николаевич кетісімен-ақ, класта айқай-шу көтерілді. Русаков Мазинге құшағын жайып:

— Дөкей екенсің ғой өзін, Колька! — деді.

Балалар да қуанысып жатыр.

— Кім ойлаған біздің дәйді мұндай деп!

— Қандай бақыттысың, ә!

Мазиннің бүйректей беті томпыйып, қоңыр көзі бір жағынан «әй, қойындаршы тіпті» дегендей, екіншіден «ризамын сендерге де» дегендей еді.

Саша мен Одинцов Трубачевты құттықтап жатыр:

— Шындап-ақ үйреткен екенсің! Сергей Николаевич екеуінді тақтаға шығарғанда, менің үрейленгенім сонша, тіпті, құлағым шыңылдап кетті, — деді Саша.

— Русаковты көрсендер еді. Қайранда қалған шабақтай, тығыршық атып отыра алмады ғой.

— Адал ниетімен шын берілген жолдасы емес пе! — деп мақтан етті Саша. — Ондай адам өмірлік жолдас.

— Біз үшеуіміз ші? Өмірлік жолдас емеспіз бе?

— Сендердің өмірлік жолдас болатындарыңа басыммен жауап беремін, — деді Васек шабыттана. Саша мен сені, Одинцовты бәрінен де жақсы көремін...

Әрине, әкемді айтпағанда, — деді де іле-шала кенеттен мойындаған бұл сөзіне ол ұялғанынан қызарып кетті.

— Мен де, — деді Одинцов акырын ғана.

— Менің достығым ешбір шек болуы да мүмкін емес, — деді қуанышпен күле түсіп Саша. — Өйткені, мен достықты бәрінен де жоғары санаймын.

Жүздері нұр жайнаған үшеуі де класқа кірді. Сабактан кейін Васек үйіне жүгіріп ала жөнелді. Ол ішінен «Жарайсың! Жарайсың!» — деп әлденеше рет қайталады. Ысылдап кеткен ол қорадағы күртікке бір аунап алды да, тәтесіне келді де:

— Тәте Дуня, мен жігіт-ақпын! — деді.

— Керіп тұрмын ғой, — деді де тәтесі, қолына щетканы ұстата беріп кейін қайырды:

— Ауыз үйде үстінді тазала, жігітім, — деді.





ЖАС АЗАМАТ

ПОЭМА*

Д. ӘБІЛЕВ

Суреттерін салған Н. ЛЕБЕДЕВ

I.

Көк бұлт көктен
Көшіп кеткен
Күн батар да сол күні;
Кейде көлбеп,
Кейде өрлеп,
Шықты ауыл түтіні.
Көбік қарлы
Ауылдарды
Қысқы кеште кім сүймес!
Сұлу сырлы,
Алуан жырлы
Поэзия — қысқы кеш!
Ауыл оты,
Бәрі өз оты
Неткен ыстық, көз таныс!
Шіркін көңіл,
Енді өзің біл,
Қай үй жақын, қайсы алыс!
Төбет үні
Жазғы күнгі
Қой күзетті салса еске,
Кімнің әні,
Жігіт жанын
Жетелейді белеске!
Сылтый баса,
Бақтан аса,
Бұрылғанда мүйістен,
Қоңыр үйі
Тұр бір күйі!
Нұрман жанын жылтты іштен.
Лып-лып соғып,
Жүрегі жорық
Ашқандай боп келеді.
Жылт-жылт жарық
Тұрған жанып
Үйге қашан снелді.
Секунд жылдай,
Түн жылжымай
Қалардай-ақ кілт тұрып.
Ушты жігіт —
Ыстық үміт
Уясына жүгіріп.
— Құлным ба екен,
Әлде бетен —
Адам ба, есік қаққан кім?
Деп әжесі,
Өз шешесі,
Жүгіре басып, қосты үн.
Ашылды есік,
Құлным десіп,
Сүйді, құшты ұлы ана.
Өз шешесі,
Шығып есі
Жүгіріп жүр айнала.

— Күнім Нұрман
Осы тұрған
Өзіңбісің рас па!
— Күшағыңда
Тұрғанымда,
Орын бар ма нанбасқа!
Қоңыр үйдің
Іші жыйын
Болып кетті бір думан.
Майдан жайы,
Ел шырайы
Сөз боп жатты алуан.
Бала біткен
(Төңіректен)
«Нұрман аға кепті» деп,
Хабарласып,
Асып-сасып,
Кіріп жатты ентелеп.
— Анаң кара,
Нұрман аға
Еңгезердей боп апты.
— Бітті ме жау?
Келдің бе сау?
Қойып жатыр сұрақты.

II.

Нұрманы кеп,
Құстай түлеп,
Арманына бір жеткен.
Кәрі әжесі,
Өз шешесі,
Шаттық құшқан жүрекпен —
Рақаттанып,
Ұйықтап алып,
Түре келсе жалма-жан,
Төргі үйінде
Жатқан түнде
Төсегінде жоқ Нұрман.
— Нұрман қайда?
Бұл маңайда
Көрінбейді, ой тоба!
Тентек шіркін,
Қонбай бір түн
Қайтып кеткен болар ма?
Жұртқа түнде:
«Онбес күнге
Келдім қайтам тынығып».
Деген жоқ па?
Ана үй жақта
Жүрген шығар құлыным,
Таңғы сәуле
Үйге енгенде,
Оятпастан еш жанды,
Құстөсектен
Тұрып кеткен

Көріп қап-ек Нұрманды!
Анаң кара,
Мал қорада
Малды шөпке шығарып
Жүргендерге,
Ол келгенде,
Күнде шықты қызарып.
— Анаң кара,
Нұрман аға
Араласты жұмысқа.
Көң тасуды,
Шөп шашуды,
Ұмытпапты ұрыста!

III.

Ауыл мүлде
Күндіз түнде
Жауынгердей сауытты,
Тас түйініп,
Күш жыйынып,
Ұмытқандай сауықты.
Еңбек жыры
Соғыс жылы
Тасқындаран теңіздей,
Ғасырынан
Күш асырған
Майданшымен егіздей.
Кәрі ана да,
Жас бала да
Батырларша айбарлы.
Қойды нүкте
Бір тәулікте
Ісіне жылдың, айлардың!
Нұрман аулы —
Омыраулы
Женіс туын тіккендей!
Өр көңілді
Ел өмірі
Соны ғана күткендей!
Сын сағатта
Ер солдатша
Серттен тайып көрмеген,
Ашы-тоғын,
Бары-жоғын,
Жан болсайшы елеген!
Қатер бұлтын
Қарсы жыртып
Шығарардай дал-дұлын.
Колхозшы ел
Тізе бүгер
Көрінбейді дауыл күні!
Еңбекке өктеп,
Үміт көктеп,
Бір шытпастан қабағын:
«Майдан үшін,

*) Қысқартылып басылды. Ред.

Өмір, күшімі!»

Ураны бар даланың!
— Тек қана, тек
Жауды жеңсек,
Аман қайтса қарағым,
Арманым не!
Деп тілеуде
Жүрегі ата-ананың!
— Күнім пана!
Жауға оқ ата
Жүр екен қай майданда?
Тез жеңсе екен
Тез келсе екен!
Деп тілейді Сайран да.
Нұрман аулы —
Омыраулы
Жеңіс туын тіккендей!
Өр көңілді
Ел өмірі
Соны ғана күткендей!
Ауыл жайын
Көрген сайын
Алматының жазындай, —
Нұрман жаны
Жадырады
Шалқыған күй сазындай.
Жорық көрген
Нұрман мерген
Өткізбеді күнді бос.
Жүгіріп кеп
Жүреді істеп
Колхоз ісін ескі дос!

IV.

Тағы бір күн
Білмеді ешкім
Нұрман қайда кеткенін.
Бірақ кеше,
Әлде неше
Көрген ед. колхоз мектебін.
— Оқуынан
Қыз бен ұлан
Қалмасыншы бір күн де.
Жаңа жылда
Жасап Елка
Жүзсін ойын күлкіге, —
Деген сырын
Тауда бүгін
Балта даусы ашқандай.
Еңбек жыры
Тербеп шынды
Шырқалды ән боп аспандай.
Ер қыймылы
Ең қыйынды
Алмай, тыным тапқан ба!
Тұрған қалғып,
Тау жаңғырып,
Тіл қатқандай аспанда!
Нұрман «тентек»,
Жатыр сілтеп
Алмас жүзді балтасын.
Кеспей жасын,
Қу ағаштың
Көкке ұшырып жаңқасын.
Қалың орман
Мүлгіп тұрған
Ұйқысынан оянып,
Сәнді ағаштар,
Жас бұтақтар
Ақ опасын боянып,
Төгіп шашын,

Иіп басын,
Таласқандай жігітке.
Ашпақ қайың
Орман сайын
Толықсыды күндікке!
Шаңырақ мүйіз
Қоңыр өгіз
Отын артқан шананы,
Эрең тартып,
Термен балқып,
Дөңнен асып барады.

V.

— «Мынаң кара,
Нұрман аға
Әкелді отын, жақ жылдам!
Тағы қанша
Жасыл арша
Алып кепті аға жан!»
Күзетші Үміт
Еден жуып,
Пештеріне жағып от,
Мектеп үйдің
Түзеп күйін,
Көз шырымын алған жоқ.

VI.

— Жеңісті жыл —
Болғай, — деп бұл
Жаңа жылды быйылғы,
Қарттар тілеп,
Жастар түлеп,
Қыял кезді қыйырды!
Әр үй барын,
Тәтті дәмін,
Жаңа жылға әзірлеп.
Отыр дайын
Минут сайын:
«Қалады, — деп, — қазір кеп.»
Дәукен қарт та
Кроватта
Ақ жастыққа жантайып,
Жаспен бірге,
Отыр түнде,
Қалдым демей қартайып.
Жаңа жылға,
Жаңа жырға,
Жаны ынтық оның да,
Ғасырлардан
Күш асырған
Тағдыр бардай қолында.
Төл құрдасы
Домбырасын
Көкірегіне әлдилей,
Сыңқылдатып,



Жатыр тартып,
Кәрі көңлін жан билей.
Жас жігіттей
Жаңа үміттей
Жаңа нұрлы — жаңа жыл,
Жарқ-жүрк жайнап,
Ән-күй сайрап,
Есік қағып келіп тұр.
Әр үй төрін,
Ыстық демін
Ұсынғаны жарасып,
Жаңа жылды
Жаңа жырмен
Қарсы алды әлем таласын!
Төсін желпіп,
Күйін шертіп,
Домбыраға Дәукен қарт.
Күлімдесе
Немересі:
«Тартшы ата, — дейді—тарт!»
Балалар мәз!
Мектепте жаз
Шыққандай боп сол түні!
«Жаңа жылың
Құтты болсын!»
Деп күй шертпек көңілді.
Жас балалар
Түзеп қатар —
Жарастықты топтанып,
Күліп сақ-сақ,
Нық-нық аттап,
Кейде қалад тоқталып.
Жүздері де,
Өздері де,
Көздерінде нұр жайнап.
Нәзік үнмен
Шырқап бірден,
Жас булбулдар жүр сайрап!
Аяз ата
Нақ орта да
Түбінде жас елканың,
Таяқ ұстап,
Отыр қыстап
Жағып қойып жан шамын!
«Бала біткен
Кәптен күткен
Елка ойнына кірісіп,
Көрсін қызық,
Жүрсін қызып,
Ақ жүректен күлісіп!»
Деп Жәмила —
Мұғалима
Балалардың сән тобын
Өзі бастап,
Ән сап нәштап,
Дуылдатты жан шоғын!
Күп-құртымдай
Кіші Ыбырай
Үші тершіп мұрнының,
Кейде билеп,
Кейде түйдек,
Сөйлемешед ол бұрын.
Ата-ананың
Кәрі жанын
Балбыратты баллары,
Сол бір күнде,
Сол бір түнде,
Күлім қақты шалдағы.



Бұғы

Ә Н Г І М Е

В. ЛИДИН

Суреттерін салған К. БАРАНОВ

Бұғының алдыңғы аяғына оқ тиді. Жаралы аңшы артынан аңшы келеді. Бұғы тайғаның ішімен қашып келеді. Оның әуелі сирек қана көрінген қанды ізі қойыла түсті. Енді кешікпей-ақ бұғы, халі бітіп тоқтауы керек. Аңшы көшпелі Ороча тұқымынан еді. Олар бір кезде атақты Манчжур үрім бұтағынан қалған бір неше жүз ғана адамдар. Орочаның жасы быйыл әлу екіге қарайды. Ол көпті көрген аңшы. Оның қолынан бұлан да, бұғының неше түрлері де құтылып көрген емес. Оның жалпақ беті талай боран мен желге толыққан. Бетіндегі қатпарланған қалың әжімі оны бір мүшелі үлкен етіп көрсетеді. Оның жүріске үйренген, сіңірі шыққан аяғында аңшың терісінен тіккен қырық жамау етігі бар.

Жаралы аңшың құтылып кете алмайтынын біліп Ороchon қанды ізді қуып асықпай аяндап келеді. Күздардың басы қырауытқан. Солтүстіктен күз келе жатыр. Күзге қарай құс қайтады. Бұл уақытта аңшы бір пеше жетіге тайғаны, көлдерді аралап кетеді. Аңшың пайдасы мол. Бұлан бір қалта қымбатты жұпар майын береді. Еркек бұғы кісіні бір жетіге тойғызатын еті мен қымбатты мүйізін береді. Бұғы алда келе жатыр. Барған сайын оның жортуы бәсеңдей түседі. Енді оның халі әбден біткен кезде аңшы көздеп тұрып қақ жүректен бір-ақ атады. Ертеден ізге түсіп келе жатқан аңшы енді бұғының өзін көрді. Бұғы жортуын қойып, ақсай басып келеді. Оның жарқыраған мүйізін көріп, Ороchon енді сол мүйізге қанша оқ-дәрі, қанша тары алатынын есептеп келеді. Жер былқылдап, жұмсарып кетті. Оның жыртқық етігі жерге сіңіп барады. Құлаған ағаштардан әреңдеп өтіп, ол бір ашық алаңға жетті. Ороchonның беті, көзі әбден ісінген. Бұл жер тымырсық, шылбын-шіркейге толы екен. Шіркей қанша үймелесе де, оның қалың терісі беріле қойған жоқ. Қазір ол сорға батып тоқтаған бұғыны соғып алады.

Ороchon алаңға жетіп ағаштың тасасына жасырынды. Осы кезде оның ғажайып көрініске көзі түсті. Бұғы сорға батып құлаған жоқ, қайта сау аяғымен сорды шұңқырлап ұра қаза бастады. Ұра бойын жасырғанда ол аунай берді. Аунап-аунап, сорға сіңіп жатып алды. Аңшы атып-ақ алар еді, бірақ жайғасын

жатып алып бақылауға кірісті. «Бұғы енді не істер екен?» Ол алаңда екі күн күтіп жатты, аң орнынан қозғалмады. Үшінші күні бұғы орнынан тұрды. Оның жарасы тартылған, ақсамайды. Аңшы атқысы келіп кезене бергенде, ол адамды сезіп қалып, бір неше қарғыш ғайып болды. Ороchon қымбат мүйізден айырылып қалғанына өкінген жоқ. Тек аңның жылдам жазылып кеткеніне қайран болды. Ол шын аңшы еді, сондықтан оған олжадан гөрі аңшылық белгілері қадірлі болатын.

Ороchonдар өзен бойында қайыңның қабығынан жасалған күркеде тұратын. Оларға алыстағы жүздеген шақырым жерде тұратын ағайындары бірге туған бауырдай аңсап келе беретін. Бойында қуаты бар қарттары жастарменен бірге істейтін. Ал, күші біткен уақытта өлімге бас ұру керек. Өмірдің заңы солай болатын. Күркеде, аңшының әкесі, қарт Ороchonды ауру жеңіп барады. Ол өз өмірінде жетпіс балық жеді—бұл ол жетпіс рет қызыл балықтың көлгенін көрді деген сөз. Оның талай қатты суыққа шалдыққан аяғы мешел болып қалды. Тағдырына бағынып, күркенің ішінде өлім күтіп жатыр. Баласы оны аяйды. «Егер сор аңға жәрдем беретін болса, адамға неге жәрдем бермейді» деп ойлады баласы. Ол әкесін өзінің қайығына салып алып, өзенмен жүріп кетті. Аң аунаған жердің тұсына келгенде қайықтан түсіп, әкесін арқалап екі күн дегенде сорға жетті. Әкесінің қу сүйегі қалған, салмағы шамалы еді.

Ороchon әкесін сорға әкеліп, шұңқыр қазып беріп, бөліне дейін батпаққа батырып отырғызып қойды. Бұл кез жылдың жауып шашынды кезі болатын, сондықтан жаурамасын деп айналасына таяқ қадап, оған ағаштың қабығын жауып, әкесінің үстіне күрке тігіп берді. Қарт осылай екі жеті отырды. Баласы күнде аңға шығып құс, аң атып әкеліп, ағаштың қабығының үстінде ас дайындап жүрді. Екі жетіден кейін қартты сордан шығарып алды. Қарт баласының бийлығына асылып жүріп көргісі келіп еді. Тізесі бүгілетіп болған, тәлтір-ректен жүре бастады. Қарт баласына асылып жүріп отырып, кешке тамақ сордан алыстан та кетті. Ол енді жүруге де, қайыққа мініп балық аулауға да жарайтын болды. Бұлар өз мекендеріне қайтып оралды.

Бақсы-балгерлер емдеп жаза алмаған шал сауықты деген хабар ағайын арасына тез жайылды. Ороchonдар орманның шетіне, сордың қасына кумирня¹⁾ орнатып, оған иероглифпен²⁾ ең жақсы, ең мейрімді жер құдайы Гиху-дыға арнап уағыз жазды. Бұл жерді ағайын ішінен біреу басқа тұқымның адамына айтпайтын болды, үйткені ол қасиетті, киелі жер деп саналды.

Мың тоғыз жүз жыйырма бірінші жылы ақтарды қуып келе жатқан отрядтан қызыләскер Степан Дементьев қалып қойды. Ақтарды теңізге жеткізбей қыру керек еді. Сондықтан отряд аш-жалаңаштыққа, жартысын жалмаған сүзекке қарамай, жолшыбай ілесе алмаған арбаларын қалдырып келе жатты. Ауруларды алып жүретін көлік болмады. Жем жемеген аттар зорығып қалып жатты. Ілесе алмаған науқастарды жарлы қоныстарда гольдтер мен Ороchonдардың жабайы үйшіктерінде қалдырып кете берді. Жаралы жауынгерлер әдет-ғұрпын, тілін білмейтін адамдардың арасында ұзақ уақыт жалғызсырап қала берді. Көпір салуға ағаш кесіп жатқанда Дементьевтің үстіне бөрене құлап омыртқасы сынған еді. Бұл алпамсадай денелі жігіттің аяғы жансыз қалды. Қайтарда алармыз деп оны Ороchonдарға қалдырып кетті. Азғана үнмен азығын алып, ол қабықтан істелген күркеде жатып алды.

Ертеңісін ороchonдар аңға кеткенде, ол күркеде жалғыз қалды. Жатқан орнынан қозғала алмайды. Дүние кезген ұзақ сапарларда үзеңгімен ойпаған қуатты аяғы, қазір буыны біткен қарттың аяғындай қозғалмайды. Кешке жақын Ороchonдар қайтып келді. Астап кейін, олардың бірі Дементьевтің аяғын қарап шықты. Ороchonдар өз ара кеңесіп алып, ағаштың қабығынан шана істеді. Таң ата осы шанаға жаралы адамды салып алып тайғаға алып кетті. «Бұлар мені жат адам, мекенімізден аулақта өлсін деп алып бара жатыр ғой» деп ойлады. Екінші күні ороchonдар Дементьевті орманның ортасындағы ашық алаңға жеткізді. Бұл жерде ең жуан төректің түбінде кумирня орнатылған. Ағаштың қабығын үш бұрыштап ойып алып, төректің қасына сол қабықты төсеіп, оның үстіне ұсақ тастар шыбықтар салынған. Иероглифпен жазылған қызыл қағаз жаңбырмен шайылып бояуы оңып кеткен. Бұлардың ар жағынан сор көрінді. Степан Дементьев «бұлар мені мына сорға тірідей көмгелі келе жатыр екен» деп ойлап қалтасынан нағанын суырып алды.

— Қайт кейін, шайтандар! — деді ол, — қайт деймін, болмаса екеуіңді де қылжитам!

Ал, ороchonдар даурығысып, оның аяғын нұсқам көрсете бастады. Олардың жас бала кейіптегі ашық жүздерінде еш бір сұмдық белгісін көре алмай, Дементьев күдігінен арылды. Шанасын дәл сордың өзіне дейін сүйреп әкеп, ороchonдардың біреуі ұзыншалау етіп шұңқыр қазды. Олар оны көтеріп алып осы шұңқырға салды да, беліне дейін көміп қойды.

Бұл оның бір неше күн осы шұңқырда жатуы керек деген сөз еді. Ол енді өзін мұнда алып келген себебін түсінді. Бұл науқастарды емдейтін тұз екен ғой. Ол тұзға көміліп жатып, ороchonдар оған өздерінің аяқтарын көрсетіп берік жамбастарын соғып — соғып қояды. Аңшының көзі қырағы, аяғы мықты болу керек. Аяқсыз адамның күні жоқ, сондықтан ең алдымен оның аяғына жан бітіру керек. Күндіз ороchonның біреуі аңға кетті де, біреуі Дементьевтің қасында қалды.

— Чоло, — деді де ол Дементьевке күркені көрсетті.

— Уму, — деп белбеуін көрсетті. — Уекта — деп жұлдызды көрсетті.

Олардың әңгімесі осылай басталды. Бесінші күні-ақ қызыләскер Дементьев ороchonша түсіне бастады, жетінші күні оны тұздан шығарып алды. Оның аяғы қозғалатын болды. Жансыз аяққа жан бітті. Омыртқасы да ауырмайды. Ол әлі өздігінен жүре алмаса да, енді аяғының жаны бар, кәдімгі өз аяғы екенін сезді.

— Миоца, — деп ороchon өзінің мылтығын көрсетті. Ол енді өзінің қайтадан солдат бола алатынын түсінді.

Осылай Степан Дементьев өмірге қайтып келді. Бұлар осы сордың жанында тағы да сегіз күн тұрды. Степан жүре бастады. Енді олардың қайтуына шанының керегі жоқ еді. Ол басқалардан қалмай жүре алатын болды. Олар мекендеріне қайтып келе жатты. Қарағайдың жалбыраған бұтақтары енді оған қынжылып қайғырмайтын сықты. Шұғласын төгіп, көркейтін тайғаның жазы келе жатты. Таулардың басының қары еріп, балықтар да уылдырық салуға өзенте келді. Айығып кеткенше, Степан Дементьев ороchonдарда үш жеті тұрды. Одан кейін ол мылтығын алып,



1) Кумирня — құдайға сыйынатын үй.

2) Иероглиф — жазудың жабайы бір түрі, қытай жазуы.

орочонды басшы етіп, мекенді жерлерді жағалап кетті. Уссурий казактарының сирек қоныстары өзен бойында болатын. Осы өзеннен өтіп, әрі қарай ол жалғыз кетпек. Ол өзінің жол дорбасын алып ороchonның мойнына ілді. Одап кейін оны құшақтап ернінен сүйді де, түрпідей үлкен қолын қысып қоптасып, қайтадан өмірге араласуға өзен жағалап жүріп кетті.

Бұл бір мың тоғыз жүз жыйырма бірінші жылы, өмірінің ерте кезінде болып еді. Степан Деметьев кен өмірге қайтып келді. Ол Қызыл Армиядан қайтып, раб-факка, одап жоғарғы оқу орнына түсті. Ендігі негізгі мақсат оқу еді. Оның жасы жыйырма үште, соғысқа кеткен уақыттың есесін қайтару керек. Ол жоғарғы мектепті, сонсоң тау-кен академиясын бітіріп геолог болды. Геология темір жол салудағы металлургия заво-дын, шахталар орнатудағы барлық зерттеу жұмысының алдында келе жатты. Тоғыз жылдан кейін, ол тағыда Забайкальеге, одап Уссурий өлкесіне келді. Енді қайтып оралмайтын балғын жастықтың ізі жатты бұл сапарда. Деметьев вагонның терезесінен қарап, батып бара жатқан күннің қызыл арайын көрді. Баяғы Енисей бұдан тоғыз жыл бұрынғысындай жайылып баяу ағып барады. Жақында тау өзендері тасып құйылып, ол енді жомарт жайылып, салтанатты түрге енген. Тек жігіттің өмірінде ғана тоғыз жылдың ізі бар. Оның қалтасында инженерлік дипломы бар, артында Қызыл Армияда өткізген қызмет жылдары. Көз астындағы алғашқы ұсақ әжімдерімен қылаң тартқан самай шапшы оның жігіт ағасы болып қалғанын сездіреді. Ол Енисейден, одап кейін дәл поездың астында тулап жатқан Байқалдан көз айырмай қарап тұрып, өзінің жастық дәуренін есіне алды. Балғын жастық вагонның терезесінен көріне түсіп ғайып болған табиғаттың керкем көрінісіндей өте шықты. Ол тайгаға қайтып оралып келіп, станцияға түскенде оның жасы отыз бесте еді. Азамат соғысының жылдары, өзінің тайгадағы үмітсіз халі, ороchonдар, қайтқан құстың әніне бөленіп өмірге шақырған Уссурий көктемі оның көз алдынан шұбалып өтіп жатты. Бұл бір буын ұрпақтың тағдыры еді. Бірақ оның ойы есейіп, жас кездегі бұалдыр қыялдар алғыр қабілетке айналды.

— Айтпақшы, осы маңайда сауықтыратын тұз бар еді-ау, — деді ол кенет өзіне өзі, — сол жерге курорт жасар ма еді. Біздің тау-кеншілер көбіне ревматизммен¹⁾ ауырады. Біз енді осы маңайдан шахта қазамыз ғой.

Ол енді өзінің геологиялық іздену кезінде сол сорды тауып алуға бел байлады.

Бір айдан кейін ол өзінің геология тобын бастап, өзін бір кезде ороchonдар тұзға сүйреп келген өзенді



жағалап келе жатты. Ороchonдар өздерінің мекендерін жағалап кеткен екен, ол өзеннің бергі бетінде ешкімді кездестіре алмады. Тек жабайы үйшікте өзеннің иілген бір бұрышында қарт ороchon тап болды. Бұл қарттың манчжур тұқымынан мұра болған алып тұлғасы мен ірі сары тісінің біреуін де түсірмей жасаған ғасырлық өмірі бар. Топта келе жатқан тілмаш, маңайда сауықтырғыш тұз бар ма деп сұрай бастады... Қарт алдында сөйлегісі келмесе де, кейін көңілденіп алды. Ол жұртқа өзінің жүз жылдық тісін ақсықта, күлімдеп өлең айта бастады. Өлең тайгада жүрген бұғы туралы, бұғының ізіне түсіп келе жатқан аңшы туралы еді. Бірақ, бұғылар босып кетті, адам тайғаны жарып жол салды, өзенде кемелер жүзе бастады. Ол енді бір кезде өзінің баласы апарып аяғын жазған хасиетті тұзды геологтарға көрсетпек болды. Ол геологтарды бір тәулік ертіп отырып, ағаштың шетіне, бір кезде алғашқы аңшы көрген жаралы бұғыға шифа болған тұзға әкелді. Геологтар жерді белгілеп картаға түсіріп, жоспарын сызып алды. Олар үлкен олжа есебінде зерттеу үшін сол жердің бір түйіншек топырағы мен тұзын ала кетті. Тұз лабораторияда зерттелінді, екі жылдан кейін ороchonдардың кумирясының орнына ағаш барак салынды. Баракқа курортшылар үшін үй салатын жұмысшылар келді. Тұздың астындағы ыстық қайнар сыртқа шығарылып аспанға толқыған қою гейзер буы көтерілді.

Енді бір жылдан кейін тұңғыш рет сырқат шахтерлер курортқа келді. Тайғаны отап, жаңа салынған үйлерден жас қарағайдың исі аңқын тұр. Тұз ревматизм — құяң, жел ауруларын емдейтін болды. Өзен жағасына пароход тоқтайтын жер салынды. Қайықпен өзеннің ортасына шығып ұыздырық салған балықтардың шоршып ойнағаны тамаша лауға болады. Уақыт өткен күнді тасалайды, көпшілі ороchonдардың жайлауын адамға алғаш рет осы тұзға жол көрсеткен мейірбанды аң-бұғыны келушілердің еш қайсысы білмейді. Адам да, жастық шақ та өзгеше еді. Бұл жастық тайгадағы үмітсіз панасыздық сезімді де, алыстағы жайлаудың қалтылдаған күңгірт жалынның да, қазір іске асқан алғашқы үміттің мұңлы жырларын да білмейді. Қазіргі жастық тайғаны жарып, көмір мен мұнай іздеп, кеше мұлтіп тұрған жерге шахта мен курорт орнатып келе жатыр. Тек қана өзеннің жағасында қарағайдың жалбыраған жалпақ бұтақтары шайқала сыңсы өмір өзгерісі туралы, жадырап ашылған Уссурийдың жазы туралы геолог Деметьевтің қайтып оралмайтын жас шағы туралы сыр шертеді.

Аударған Т. АҚТАНОВ,

¹⁾ Ревматизм — құяң, жел ауруы.

Академик Т. Д. Лысенко — Мичурин

Ғылымдарын дамытушы

(Туғанына 50 жыл)

Совет биология ғылымдарының ең көрнекті талантты ғалымдарының бірі-Трофим Денисович Лысенко 1898 жылы Полтава облысы, Қарловка қаласында туды. Әкесі Денис Николаевич кедей шаруа, өмір бойы егіншілікпен кәсіп еткен адам.

Лысенко шаруалардың еңбегіне назар аударып, мәдени өсімдіктердің қалай өсіп-өнетінін жасынан зор ынта қойып бақылаған. 1921 жылы Лысенко Киев қаласындағы ауыл шаруашылық институтына оқуға түседі. Осы институтта оқып жүргеннің өзінде-ақ жас Лысенко ғылыми-зерттеу ісімен шұғылдана бастайды. Томат өсімдігін зерттеп, оның № 17 жаңа сортын өсіріп шығарады.

1925 жылы Лысенко оқуын бітіреді. Осыдан кейін ол Ганджедегі (қазіргі Кировабад) селекциялық станцияға қызметке орналасады. Сол жылдары Лысенко өзінің тамаша ғылыми еңбектерінің негізін сала бастады. Ол өсімдіктер өмірін адамға билетуді, өсімдіктер табиғатын қолдан өзгертуді мақсат етті.

Мәдени өсімдіктерді терең зерттеу арқылы Лысенко яровизация теориясын ашты.

Өзіміз көріп жүрген бидайдың екі түрі болады. Оның бірі — қыстық бидай. Қысқы бидайдың өсу мерзімі ұзақтау, көктемдік бидайдың өсу мерзімі қысқалау екенін байқаймыз. Бұл неліктен болады?

Лысенко осы мәселені толық зерттеп, жоғарғы сұраққа нақтылы ашық жауап берді. Қысқы бидайды көктемде егіп, бір жылда өнім беретін әдіс ойлап шығарды. Міне, сол әдіс қазір әлемге мәлім — яровизация деп аталады. Яровизация әдісін қолдану арқылы әр түрлі өсімдіктердің өсіп-өнуін тездетуге мүмкіндік туды. Өсімдіктер өмірі мен табиғатын адамның тілегіне бағындыруға жол ашылды.

Академик Лысенконың теориясы бойынша өсімдік тіршілігі оны қоршаған жағдайларға тығыз байланысты. Сыртқы табиғи жағдайлар өсімдіктің өміріне үлкен әсер етеді, оны өзгертіп отырады. Әрбір өсімдік тұқымнан өсіп, тұқымға жеткенше бірнеше даму сатысынан өтуге тиісті. Өсімдіктің бірнеше даму сатысы бар. Қазір оның екі түрі ғана ашылып отыр. Өсімдік өзінің осы даму сатыларын өту үшін әртүрлі сыртқы жағдайларды керек қылады. Егер өсімдіктің айналасындағы осы керекті сыртқы жағдайдың



бірі болмай қалса, ол өсімдік күр өскенімен, тұқым бере алмай, көк күйінде қалады.

Көктемде егілген қыстық бидайдың бастамай көк күйінде қалатын себебі де осыдан болады. Өйткені ол өзінің даму сатысы — яровизациядан өте алмай қалады. Қыстық бидайға бұл сатыны өту үшін еңалдымен салқындық әсері керек, бірақ осы керекті салқындық көктемгі табиғи жағдайда бола бермейді, сондықтан ол көк күйінде, өнбей, тұқым бере алмай қалады.

Лысенко қыстық бидайдың әлгі айтылған яровизация сатысын қолдан өткізетін әдісін ойлап тапты. Оның үшін қыстық бидайдың тұқымын шала өсіріп, екпестен бұрын оны айжарымдай салқын жерде ұстайды. Осы жағдайда қыстық бидай тұқым күйінде өзінің яровизация сатысын өтіп, көктемдік бидайға айналды. Осы тәртіппен әзірленіп, көктемде егілген қыстық бидайдың тұқымынан бір жылдың ішінде мол өнім түседі, оның көктемдік биайдан ешқандай айырмашылығы жоқ.

Яровизация әдісі өсімдіктің өсіп-өнуін тездетеді, сапасын арттырады, бағалы жаңа сорттар шығаруға көп жәрдем етеді.

Т. Д. Лысенко картофель өсімдігін өсірудің жаңа әдісін де тапты. Оңтүстік ыстық аудандарда картофель өте нашар өсетін, ұсақ бола-

тын, жылдан-жылға тұқымдық қасиетін кемітіп келіп еді. Ал, мұның неден болатынын ғалымдар соңғы уақытқа дейін біле алмай келді. Ыстық жерлерде картофельдің шала өніп, нашар өсетіндігі оның түйінін жаңа байланып, өсетін мезгілі ыстыққа ұшырағандығынан болады екен. Күннің, топрақтың ыстығы картофельдің түйінінің өсуіне үлкен залал тигізетіні анықталды. Сондықтан академик Лысенко картофельді көктемде екпей кейінірек жаз айларында егу қолайлы екенін көрсете білді. Осымен қатар академик Лысенко өте-мөте Отан соғысы кезінде картофельдің тұқымы тапшылық білдіргенде оны картофельдің түйінінің бүршіктерінен — «көздерінен» өсіруді ойлап тапты. Осы әдісті қолдану арқылы біздің ел мыңдаған тонна картофельді тамаққа жаратты.

Академик Лысенко тарының өнімін молайту, мақтаның, көк сағыз өсімдіктерін өсіру жөнінде де көптеген еңбек сіңірді.

Большевиктер партиясы және совет үкметі Лысенконың ғылыми еңбектерін аса жоғары бағалады. Оған Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Және өзінің биология ғылымындағы аса ірі табыстары үшін екі рет Сталиндік сыйлық алды. Халқымыз Лысенконы ССР Одағы Жоғарғы Советіне депутат етіп сайлады.

Лысенко 1938 жылдан бері В. И. Ленин атындағы бүкілодақтық ауыл шаруашылығы ғылымы академиясының президенті болып істейді. Ол үш Ғылым Академиясына мүше.

Жақында Ауылшаруашылық ғылымы академиясының ғылыми сессиясы болып өтті. Бұл сессияда академик Лысенко биология ғылымдарының жайы туралы баяндама жасады. Ол өзінің баяндамасында советтік биология ғылымының орасан зор табыстарын жыйнақтады, және биология ғылымдарының дамуына бөгет жасап келген ескі идеалистік көзқарастарға қатты соққы берді. Оның ұсынысы бойынша, сессия совет биология ғылымдарының дамуының жаңа жолдарын белгіледі.

Академик Лысенко бастаған совет биологтары Дарвин, Мичурин ғылымдарын бұрынғыдан да жоғары сатыға көтеріп отыр және көтере бермек.

Т. ДАРҚАНБАЕВ,
биология ғылымдарының кандидаты



КОМСОМОЛ ЖАҢА БЕСЖЫЛДЫҚТА

Н. ДЫХНОВ,

ҚЛКЖО Орталық Комитетінің секретары.



Быйыл 29 октябрьде Ленин комсомолының 30 жылдығы тойланады. Бұл күн дақты мерекеге айналғалы отыр. Қазіргі уақытта бұл мерекені тамаша жетістіктермен қарсы алу үшін бүкіл еліміздің жастары мен комсомолецтері қызу әзірленіп жатыр. Комсомол ағаларының зор мерекесіне оқушы, пионерлер де әр алуан тартулар әзірлеуде.

Ленин комсомолы ең алдымен большевиктер партиясының сенімді серігі, айнымас қолқанаты болып табылады.

Біздің елімізде Коммунистік Жастар Одағы данышпан бабамыз ұлы Лениннің есімімен аталады.

Комсомол бұл ең ардақты есімнің атына кір келтірмей, оны жоғары ұстады.

1945 жылы БЛКЖО Орталық Комитетінің хұрметті пленумында Михаил Иванович Калинин комсомолға Ленин орденін тапсырды. Ұлы ұстазымыз комсомолды зор награда алуымен құттықтап, сталиндік жаңа бесжылдықтың жоспарын іс жүзіне асыру жолындағы күрес — бүкіл совет халқы үшін ең маңызды және алдыңғы қатардағы міндет екенін айтқан болатын.

Комсомол әр уақытта тамаша жұмыстардың бастаушысы болумен қатар оны мүлтіксіз іс жүзіне асырушы болып келеді. Жаңа бесжылдықтың алып жоспарын мерзімінен бұрын орындап шығу ұранына да жаппай белсенді түрде үн қосты. Комсомол бұл жұмыстарда асқан табандылық пен төзімділіктің, тап-

қыштық пен жаңашылдықтың, Отанына шын берілгендіктің тамаша үлгілерін көрсетті.

Неміс басқыншыларына қарсы соғыста бүліншілікке ұшыраған қалаларды қалпына келтіру, атақты Днепр су электр станциясы мен Украинаның шахталарын, завод — фабрикаларын тез арада қалпына келтіру жұмыстарына комсомол өзінің қатарынап таңдаулы адамдарын жіберді.

Ленинградтық туысқандарымыздың шақыруы бойынша комсомол өндірісте, ауыл шаруашылығында жаңа бесжылдықтың жоспарын 4 жыл ішінде артығымен орындап шығу күресіне бір кісідей жұмыла атсалысты. Комсомолдың бастауымен елімізде мыңдаған мол өнімшілер звенолары жұмысқа кіріскен болатын. Олар елімізге жыл сайын мыңдаған тонна мол өнімді астық беріп отыр. Бұл жөнінде алған міндеттемелерін абыроймен орындап келеді.

Бүкілодақтық Лениншіл Коммунист Жастар Одағы айбынды отрядының бірі — Қазақстан комсомолы болып саналады.

Біздің республикамыздың жерінен байлықтың қай түрін алсақ та табылады. Оның үстіне жаңа бесжылдықта алынған жоспар бойынша тағы да жаңа құрылыстар салынып жатыр. Соның ішіндегі салалы, аса маңызды құрылыстың бірі Мойынты — Шу темір жолы құрылысы болып отыр.

Мойынты — Шу темір жолы құрылысында республикамыздың мыңдаған комсомол, жастары қажырлы еңбек істеп жүр. Бұлардың ішінде күндік нормасын 2—3 еседен артық орындайтын комсомол, жастар көптеп табылады. Құрылыс жұмысындағы комсомол, жастар көпшілікке үлгі бола отырып, тамаша жұмыс бейнесін көрсетіп келе жатыр. Күн сайын қызу еңбек үстінде комсомол, жастар әр түрлі жаңалық ашып, бәсекемен еңбек қарқынын күшейте түсуге мұрындық болуда. Бұл құрылыс олардың төл ісіне айналды.

Қазақстан комсомолы жаңа бесжылдықта салынып жатқан алып құрылыстың бірі — Ертіс су электр станциясын қамқорлыққа алды. Бұл алып құрылысқа комсомолдың ең таңдаулы адамдары жіберілді. Олар құрылыс жұмысын тез арада ойдағыдай аяқтап шығу жолында аяусыз еңбек істеп жүр.

Республикамыздың екі жарым мыңнан астам өндірісте істеуші комсомолецтері төрт жыл ішінде орындаймыз деп алған міндеттемелерін осы күннің өзінде-ақ орындап шығып отыр. 18 мың жас жұмысшылар 4



Қарағандыдағы № 104 шахтаның стахановшы жас шахтерлері проходчик Сермағамбет Бердиев, конвейерші Кұлбадан Мустафина. Олар күнделік нормасын 200 проценттен орындап келеді.

Суретті түсірген Н. Степанов

жылдық нормасын, 80 мың жас жұмысшылар 3 жылдық нормасын орындап шықты.

Алматыдағы күрделі машина жасайтын заводтың слесары Несіпбай Әлішев осы уақыттың ішінде 9 жылдық нормасын орындады. Бұл сыяқты үздік шыққан аса үлгілі жастарды жүзден табуға болады. Бұлардың бәрі де қазір нормадан тыс заттар өндіруге кірісті.

Ауыл-село жастары республикамызда егіннің өнімін арттыруда, мал шаруашылығын бұдан арты өркендету жұмысында табанды еңбек істеп келе жатыр. Өткен жылы астықтың түр-түрінен мол өнім алғандығы, мал басын ойдағыдай өркендеткені үшін комсомол, жастардан 50 адамға үкметіміз Социалистік Еңбек Ері атағын берді. Жүздеген комсомол, жастар ауыл шаруашылығындағы үлгілі еңбектері үшін ордендармен, медальдармен наградталды.

Социалистік Еңбек Ері атағын алғандардың ішінде оңтүстіктің атақты мақтаншысы Рыскүл Мақатова және жас малшылар: Қазым Есмұратов, Маржан Еңбаева, Ғалым Есмұратов сыяқты даңқты жастар бар. Бұлар абройлы еңбекпен даңққа бөленген еліміздің алдыңғы қатардағы адамдары. Бұлардың тамаша еңбегінің нәтижесін көріп, қатардағы жастар осылар сыяқты абройлы даңққа бөлену мақсатына жұмылын, зор ынтамен ұмтылуда.

Балалар, комсомол араларыңның осы сыяқты тамаша дәстүрінен сендер әр уақытта үлгі алып, үйре-



Семей облысы Бародулихин ауданындағы „Завет Ильича“ колхозының мол өнімші аieno бастықтары Людмила Бойко және Социалистік Еңбек Ері Мария Шулепова қара бидайдың шығымын тексеріп жүр.

нін отыруға тиістісіңдер. Комсомолдың бойындағы ең жақсы қасиеттерге сендер осы бастан бойұрып дағдылана беріңдер. Өйткені, сендер комсомолдың жеткішпені болып табыласыңдар. Бүгін пионер болып жүрсеңдер, ертең сендер де комсомолец боласыңдар.

Алдымызда комсомолдың 30 жылдығы жақындап келе жатыр. Бұл күнге сендер қалай әзірленіп жатырсыңдар. Дружина, отряд жыйындарында комсомол араларыңа қандай тартулар әзірлеу жөнінде кеңесіп алыңдар. Сонымен қатар бұл даңқты күнді жақсы оқумен қарсы алуға тырыстың болыңдар.



Быйыл Москва мен Ленинградтағы жоғары оқу орындарына көптеген қазақ жастары кетті. Суретте: (солдан оңға қарай) Сәбит Жаданов, Мұхатай Сентқазиев, Раиса Дауылбаева, Аркер Уақов, Надежда Қарашева, Сайлаухан Сламханов Москва — Алматы поезының жанында. Суретті түсірген Н. Степанов

Л. Н. ТОЛСТОЙ.



Москваның оңтүстігінде 200 километр жерде Ясная Поляна деген кішкене қала бар. Оның атағы дүние жүзіне мәлім. Онда орыс халқының ұлы жазушысы, көркем сөздің ұстасы Лев Николаевич Толстой дүниеге келді, өмір сүрді және жемісті жұмыстар істеді.

Л. Н. Толстой 1828 жылы 9 сентябрь күні туды. Ол жас кезінде ағаларымен бірге Ясная Полянаның бақтары мен ормандарын аралайтын, табиғаттың сұлу, көркем бейнелерін көріп, көңілі толатын. Бұл Толстойдың өскенде орыстың бай табиғатын толық танып, жете суреттеп беруіне үлкен мүмкіндік туғызды.

Сонымен қатар Лев Николаевич жас кезінде деревня өміріне аса зер салады, шаруалардың тұрмысын, әдет-ғұрпын, ой-өрісін, көзқарасын, мінез-құлқын, тілін білуге тырысады. Бұл да Толстойдың келешекте ұлы шығармалар жазып, халық өмірінің шындығын көрсетуге себепкер болады.

Лев Николаевич 1852 жылдан бастап әдебиет қызметіне араласады. Сол жылы ол өзінің тырнақалды шығармасы «Балалық шақ» атты повестін жазады. Осы тұңғыш шығармасымен-ақ Толстой өзінің үлкен талант иесі екендігін көрсетеді.

Мұнан кейін ол әдебиет жұмысынан қол үзбейді. «Соғыс және бейбітшілік», «Жексембі», «Анна Каренина», «Той тарқар» атты романдар, «Хажы-Мұрат», «Қазақтар» деген повестер және басқа көптеген шығармалар жазады.

Л. Н. ТОЛСТОЙ

АРЫСТАН МЕН КҮШІК

Лондонда аңдар бақшасында жұртқа тағы аңдар көрсетілетін еді. Оны көруге барғандар ақша төлейтін. Кейде ақшаның орнына ит пен мысақты да ала беретін. Оларды тағы аңдарға тамақ қылатын.

Бір күні бір адамның сол тағы аңдарды көргісі келді, ол көшеден бір күшікті ұстап алды

Толстой артына 96 томдық еңбек жазып қалдырды. Орыс халқының 1812 жылғы Отан соғысы туралы жазған «Соғыс және бейбітшілік» атты бір романының өзі 4 томнан тұрады. Онда 555 адамның іс-әрекеттері мен мінез-құлықтары суреттелген.

1908 жылы бүкіл дүние жүзі Толстойдың 80 жасқа толған тойын өткізді. В. И. Ленин осы тойға арнап «Лев Толстой — орыс революциясының айнасы» деген атақты мақаласын жазады.

Толстой 82 жыл өмір сүрді, 22 жасынан бастап әдебиет қызметіне араласты. «Оның айбынды әділ үні 60 жыл бойы естіліп тұрды... Ол бізге ұлы орыс өмірі туралы барлық өзге әдебиетіміздің баяндағанындай сөзді айта алды... Оның кітаптары, данышпан адамдың қажырлы еңбегіне ескерткіш ретінде ғасырлар бойы өмір сүрмек» (М. Горький).

Лев Николаевич Толстой жас өспірімдерді тәрбиелеу ісіне көп көңіл бөлген, оларға арнап мектеп ашқан, оқу кітаптарын шығарған. Сонымен қатар ол балаларға арнап көптеген ұсақ әңгімелер, ертегілер жазған. Оны біздің совет балалары аса сүйіп оқыйды. Жас оқушыларымызды Толстойдың ұсақ әңгімелерімен таныстыру үшін төменде Лев Николаевичтің балаларға арналған кішкене екі әңгімесін басып отырмыз.



Лев Николаевич немерелерімен әңгімелесіп отыр

да, аңдар бақшасына келді. Аңдар бақшасының иесі оны бақшаға кіргізді де, күшікті арыстан тұрған торға лақтырып жіберді.

Күшік күйрығын бауырына қысып, тордың бір бұрышына барып тұрды. Арыстан оның қасына келді, оны иіскеп көрді.

Күшік шалқасынан түсіп аяқтарын көтеріп,

күйрығын бұлғандатты. Арыстан оны табанымен түртіп, аунатып түсірді.

Күшік орнынан ұшып түрегелді де, арыстанның алдына шоқылып отыра кетті.

Арыстан күшікке қарады, басын біресе о жаққа, біресе бұ жаққа бұрды, бірақ күшікке тиіспеді.

Бақша қожасы арыстанға ет тастап еді, арыстан одан бір жапрак жұлып алды да, күшікке қойды.

Кешке, арыстан ұйықтағанда, күшік оның қасына барып жатты, арыстанның аяғына өзінің басын қойып, о да ұйқыға кетті.


Содан бері күшік арыстанмен бірге, бір торда өмір сүрді. Арыстан оған тиіспеді, онымен бірге тамактанып, бірге ұйықтайтын болды.

Бір күні күшіктің иесі аңдар бақшасына келіп, өз күшігін танып кетті. Ол, күшік өзінің меншікті күшігі екендігін айтып, аңдар бақшасының қожасынан оны өзіне қайтаруын өтінді. Аңдар бақшасының қожасы күшікті иесіне қайтармақ болды. Бірақ ол күшікті тордан босатып алайын деп, оны шақырып еді, арыстан күжірейіп, ырылдай бастады.

Сонымен арыстан мен күшік бір жыл бойы бір торда осылайша өмір сүрді.

Бір жылдан соң күшік ауырып өліп қалды. Арыстан тамақ жемеді, күшікті жалап, иіскеп, аяғымен көп түрткіледі. Бірақ күшік тұрмады.

Арыстан күшіктің өлгенін білді де, тұрған орнынан атып тұрып, күжірейіп, өзін-өзі күйрығымен сабалады, торды, есіктің ілгегі мен



еденді қажалады.

Ол күні бойы алысты, тордың ішінде ойнақ салды, сонсоң өлі күшіктің қасына келіп жатты. Аңдар бақшасының қожасы арыстанның қасына басқа күшік әкеліп жіберсе, ол өз қайрығысын ұмытар деп ойлады, сөйтті де ол тор ішіне тірі күшік әкеліп қоя берді. Бірақ арыстан бұл күшіктің борша-боршасын шығарды. Содан кейін ол өзінің алдыңғы аяқтарымен өлі күшікті құшақтап, бес күн бойы жатты.

Алтыншы күні арыстан да өлді.

АТАСЫ МЕН НЕМЕРЕСІ

Атасы әбден қартайды. Аяғы басудан қалды, көзі көруден қалды, құлақ мүкіс болды, отыз тіс қаусап түсті. Баласы мен келіні оны ас ішерде, дастарқан басына отырғызбайтын



болды. Оған тамақты пештің артына апары беріп жүрді. Бір күні аяққа күйып шалға апарып берді. Ол аяқты сырғытып қоя бері еді, аяқ жерге түсіп кетіп, сынды да қалды. «Үйдің ішін бұлдіріп, аяқ-табақты кыйраты болды» деп, келіні оны қатты балағаттады. Еді асты саған итаяққа күйып беремін, — деді келіні. Шал ауыр күрсінді, ештеңе айтпады.

Ұлы мен келіні екеуі бір күні баласының ботақтайды жонып, ойнап отырғанын көрді. Әкесі: «Миша, сен не істеп отырсың?» — деді сұрады. «Мен, әке, итаяқ жасап отырмын. Апам екеуің қартайғанда сендерге ас күйып беру үшін жасап отырмын». — деп бала жауап қатты.

Ұлы мен келіні біріне-бірі қарады да, жыл жіберді. Шалды осынша жәбірлегендіктер өздері ұялды. Содан былай шалды дастарқанға қатар отырғызып, оны күтетін болды.



ҰЛЫМ ТУРАЛЫ ОЙ

ДАСТАН
(Соғыс басы өткен сәтте)

Ә. СӘРСЕНБАЕВ

Суреттерін салған К. БАРАНОВ

Жармастыңдар
Маған кезек,
Асыр салып
Төсімде ойнап,
Едің онда,
Сен естірек,
Күлдің:
«Бізде бір әке,» — деп,
Қандай думан еді
Менің —
Жас нәресте,
Жандарымды
Әлдилеген,
Сол бір кезім,
Жүрекке сен,
Жақын едің!
Бұл сөзіме
Дәрменіме;
Ашуланба, Райханым,
Кешір, мені,
Сөге көрме,
Қарлығашым,
Өкпелеме!
Қазір сенсін
Бар ермегім,
Жүрегімде
Бейнесі оның,
Бұламашы
Жасқа көзің,
Жараланып
Жас жүрегің,
Білем,
Дертке шомдың сен де,
Көкешінді
Көрге қыю,
Ауыр, ауыр
Жүрегіне,
Сақта ағанды
Көңілінде,
Жасыңды сұрт,
Жалғыз қызым,
Өлген жоқ ол,
Біздің үшін,
Жүрегімде
Сақтаулы ұлым,
Өшпекші емес
Бак жұлдызым!
* * *
Азат еттік қазір ғана
Бір ауылды басқыншыдан.
Шыр етті де,
Бір жас бала,
«Күтқар! күтқар!


Деді, — аға!»
Жан ұшырып,
Жүгірдім мен,
«Күтқар!» деген
Естіп үнді,
Сұмдық, сұмдық,
Нені көрем,
Жас сәбиге
Найза төнген,
Деді жүрек:
«Сенің ұлың,
Көремісің,
Жүгір, солдат,
Сақта ажалдан
Өмірін оның,
Бұда сенің
Бак жұлдызың!»
Жүрегімнің
Әміріне,
Уштым дереу
Бағындым да,
Өктемсініп
Мен өлімге,
Салдым жауды
Тас төбеге,
Осы кезде
Төніп қалды,
Еңгезердей
Бір албасты,
Мені көздеп
Шанышқалы,
Қандай суық
Еді алды!
Шыр, шыр етті
Сонда ұлан,
Ашығандай
Маған жаны,
Арт жағымда
Жылап тұрған,
«Сенің үшін
Жаным құрбан!»
Дедім де
Жас нәрестеге,
Жауға жедел
Найза үйірдім,
Түстік құлап
Екеуміз де,
Мен бе,
Әлде жау дендер ме?
Менен гөрі
Дұшпан өктем,
Дөңбекшідік
Кезек аунап,
Шіркін, өмір,
Тәтті ең неткен!
Жау алқыштып
Кеңірдекген,
Төске қанжар

Төнген кезде
Қайдан келді,
Өзім таңмын,
Толды асау
Күш кеудеме,
Әлде ұлан
Күш берді ме...
Сұм қанжарын
Қалдым қағып,
Кеңірдегім кетті
Босап,
Қарманды жау
Ауық-ауық,
Түйремек қой
Қанжарды алып,
Кенет,
Ұлдың есіттім үшін:
— Әке, әке!
Міне қанжар!
— Әкел, қарғам,
Әкел күнім!..
Түйреңін жау кеңірдегің, —
Дедімдағы,
Қанжарды алып,
Сұктым
Дұшпан кеудесіне,
Ол бұлқынып
Жатты талып,
Қара жерге
Қаны тамып,
Күліп тұрды
Сонда ұлан,
Жүрегім де
Күлді менің
Айнысайшы ол
Өз ұлымнан,
Демек, «өлді»
Деген — жалған,
— Қарағым-ау,
Кім едің сен?
Дедім сүйіп нәрестені,
— Сіз емес пе
Менің әкем,
Ол кеткенде



Жас едім мен.—
 Деді сәби,
 Таңданғандай,
 «Мүмкін,
 Менің ұлым шығар,
 Қалғаным ба
 Шын танымай...
 Келші
 Келші,
 Қарағым-ай!»
 Деп,
 Бөбектің жанарынан
 Құшырлана
 Сүйдім қатты,
 Болар осы
 Менің балам,
 «Жас өмірін,
 Сақта оның,
 Ұлық осы.—
 Деді жүрек,
 Жас ұрпағы,
 Отаныңның
 Барлығы да
 Сенің ұлын».
 — Ұлым! —
 Дедім, көтердім де,
 Мен сәбиді
 Еркелеттім,
 Күлді бөбек,
 Көкрегімде,
 Қолын созып
 Көкте күнге,
 Нәзік еді,
 Күлкің пендей!
 Жатсынбаймын,
 Әкемін мен,
 Сен де өзімнің
 Дәрменімдей,
 Талпынасын,—
 Жанды тербей...
 Дөп-дөңгелек,
 Көзің қандай,
 Көк жиектен
 Күле туған,

Таңның
 Жарық жұлдызындай,
 Бақытым үшін
 Жаралғандай,
 Төсімде ойнап,
 Күлші, күнім!
 Ата жүрек
 Бірге күлеін,
 Жарқын өмір
 Келешегім,
 Жан азығы,
 Күлкің сенің,
 — Әке! —
 Деді
 Сәби маған,
 — Ау, қарағым,
 Құлақ сенде,
 — Ізделікші,
 Қайда анам,
 Қалды ма екен
 Жаудан аман?
 Жас нәресте
 Әмір етті:
 — Ізде, әке!
 Анам қайда?
 Жоқ,
 Шолып ем төңіректі,
 Демек,
 Дұшпан айдап кетті,
 Сәби жүрек
 Бұйрығына
 Бас иіп біз
 Дедік:
 — Мақұл,
 Бөбек үшін
 Кек алуға,
 Баста бізді,
 Старшина!
 — Тізіл сапқа!
 Бол, тезірек!
 (Әмір берді старшина).
 — Қош, әзірге,
 Балғын бөбек,
 Келелік біз



Анаңды іздеп,—
 Деп,
 Сүйдім де жанарынан,
 Мен де дереу
 Сапқа тұрдым,
 — Тез кел, Әке! —
 Деді де ұлан,
 Қолын былғап,
 Артымыздан,
 Асар кезде
 Дөңнің белін,
 Қарап едім
 Өкше ізіме,
 Желбіретіп
 Жел кекілін,
 Тұрды күліп
 Ұлым менің,
 Біз жеңіспен
 Оралғанда,
 Құшағыма
 Күндей күліп,
 Енер келіп
 Сол бір бала,
 Демек, ұлым өлмегені,
 Бөбек, саған
 Болсам -пана!

Жастар үні

ЕРТІС

Толқыныңмен жарысып ойнаушы едім,
 Қаздай жүзіп, суыңды бойлаушы едім.
 Аңсаулы боп алыста шөлікесем,
 «Ертісім» — деп еске алып ойлаушы едім.
 Бесігімдей әлдилеп тербеткенің,
 Әлі есімде тасқындап селдеткенің.
 Мәңгі менің айнымас жырым болар.
 Жігіт болып жағаңда ер жеткенім.
 Сағынышым алаулап жанып келдім,
 Өзенімді, өлкемді танып келдім.
 Жүрегімнің шын сүйген белгісі етіп,
 Махаббат пен жырымды алып келдім.
 Ертісім, жаңа күймен келдім бүгін,
 Естиін бір тербеніп толқын үнін,
 Жұлдызыңмен жарқырап нұрға шомған —
 Көрейін аймағыңда жаздың түнін.

Нұтфолла ШӘКЕНОВ.

МҰҒАЛІМ

Мұғалім! Ұстазы боп келешектің.
 Өмірге жаңалықтың гүлін ектің,
 Өрбітіп жас ұрпақты өсіруде,
 Аянбай бар ынтаңмен еңбек еттің.

Санаға өнер білім нұрын кұйып,
 Өмірдің ең асылын бердің жыйып,
 Ғалым да, ақын, ұшқыш, инженер де...
 «Ұстаз!» — деп тұрар саған басын иіп.

Мырқы ИСАЕВ

Қызылорда қаласы.

ШЫН МЕН ӨТІРІК

Шын айтты Өтірікке бір күн тұрып:
 Ғалыйды сен тоғыз ай алдап жүріп,
 Ақыры класыңда қалдырдың ғой,
 Мыжырайған түріңнен тұрмын жеріп.

Сансызбай САРҒАСҚАЕВ

ЕҢБЕК ЕРІ

1942 жылдың күзі еді. Отан басынан қыйып-қыстау қаһарлы күндер өтіп жатты. Отаның, елін сүйген әрбір патриоттың бар тілегі, ойы бір ұлы арнаға құйылып, жүрегі «Отан» деп соқты. Еңкейген кәрі болса, пеш жанындағы жылы төсектен безін, таяқ орнына қолына еңбек қаруын ұстады. Жас бала болса, балалықтың жетегіне еріп ойын құмай, жеңіс таңын тезірек атыруға көмектесуге тырысты.

Соның бірі Ғалым еді. Әкесі Есмұрат майданға аттанған күні 14 жасар Ғалым, бұрын әкесі бағып-қаққан, өрістегі жылқыға аттанған. «Ғалымжан, жас та болсаң, үлкенге татыйтын едің. Сенімді серік болып едің, әкеңе. Сыналатын жерің енді келді. Жоқтатпасың орнымды» дегенде әкесі, жас Ғалым: «Сенімді ақтаймын!» деген.

Қыс бойы Ғалым жайылымда жылқымен бірге болды. Қыстың сұрапыл бораны мен сары аязы Ғалымның жігерін тойтарып, қайратын жасыта алмады. Жіні қатып, бақылап тұратын басшылар да Ғалымның жұмысынан кемшілік таба алмай, жас баланың қайраты мен жігеріне риза болып қайтып жүрді, жұрт сенімі арта түсті. Жайылымды мезгілінде ауыстыру, жайылымға оты қалың, жайлы орынды таңдап алуда да Ғалым тәжірибелі жылқышылардан артып түспесе, кем соқпады.

Келесі жазғытұрым колхоз Совет Армиясына аттар бергенде, ең алдымен Ғалым бағып-қаққан бір үйір бойдақ түгелдей бірінші бағамен өтті. Аттарды қабылдаған комиссиясының бастығы аудандық соғыс комиссариатының атынан Совет Армиясына сапалы жақсы аттар өсіргені үшін жас Ғалымның қолын қысып, алтыс айтты. Бұл жас жылқышының сынан өтіп, көп жылдан бері дербес тимей келген жылқышы атағына еркін ие болған күні еді.

... Ғалым әкесіне серік болып тоғыз жасынан жылқы баға бастаған. Оқудан соң жазғы демалыс кездерінде әкесіне көмектесті. Бұл уақыттың ішінде ол көп тәжірибе алғанды. Соңғы кезде тәжірибесін молайтып, жылқы малын бағуда маманданып алды. Оның үстіне, жылқы өсіру шаралары жөнінде жазылған кеңестерді оқып, пайдаланып отырды. Тәжірибесі мен біліміне жігері мен қайраты сай келген Ғалым колхоздың басқа жылқышыларына өнеге, ақылшы болып алды. «Жігерлі жас», «жас та болса, үлкенге татыйды» деген сыяқты Ғалымға арналған сүйкімді, сөздер ел аузына түспеді.

Ғалымның аулына күн бата келдік. Даңқына бұрын

әбден қапық болатынбыз. Бұл жолы өзімен тілдескіміз келіп, Ғалымды сұрастырдық.

Ғалымның жайына ауылдап әбден қанып, ертеңіне оны өрістегі жылқы табынынан кездестірдік.

Ғалым бізге өзі жайында мардымды ешпәрсе айтпады. Бірақ, оның адал еңбегінің жемісі біздің көз алдымызда еді.

— Мына бір үйір,—деді колхоздың аға жылқышысының бірі, Социалистік Еңбек Ері Маржан Енбаева жолдас,— Ғалымның адал еңбегінің жемісі.

Осы үйірдің ішінен қылы жапырылған біреуін көрмейсіз. Барлығының да жоны астаудай, жалы кере қарыс. Алты жылдан бері Ғалым жалғыз тайдың аяғына ақау түсірген емес. Мұның сыры Ғалымның мол тәжірибесінде екен. Ғалым, әсіресе жайылымға көп көңіл бөледі. Ғалымның жазғы жайылымы мен қысқы жайылымы өз алдына басқа. Жазда жылқы Мыңтөбенің кең қойнауларын қаптайды. Қыста Мыңтөбенің ақсүйіріне кенеледі. Қысқы жайылым шарылдың ішінен таңдалады. Оның себебі, біріншіден шөбі мол болса, екіншіден ықтасын келеді, жылқыны қысқы суық соқпайды.

Біз Ғалымның бір тәжірибесін қызыға тыңдадық. Ол мынау еді: Күздің кейбір күндері бұршақты болып келеді. Шөптің басына қатқан мұзды бұршақ буаз биелерге жайсыз тиеді. Биелердің құлын тастауы да көбіне осыдан болады. Мұндай күндері Ғалым көп жылқыны шұбыртып, бытырата айдайды. Көп жылқының тұяғы қойсын ба, шөптің басындағы мұз — бұршақты қағып түсіреді. Содан кейін жылқы өткен жерге буаз биелер жайылады. Ғалымның осы сыяқты көптеген тәжірибелері ел аузында аңыз болып кеткен. Мұндай озат тәжірибені басқа жылқышылар да үйрепін, қолданып отырады екен.

Ғалымның жылқы бағудағы тамаша табыстары мен озат тәжірибесі тек Гурьев облысына емес, бүкіл республикаға белгілі.

Ғалым Гурьев облысы, Есбол ауданындағы Степан Разин атындағы колхоздың аға жылқышысы. Бұйыл 20 жаста. Осы азғана өмір талай ерлік істерге толы. 1945 жылы үкметіміз Ғалымды «Отан соғысының екінші дәрежелі» орденімен наградтады. Бұл жас патриоттың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы тамаша еңбегінің айғағы. Ғалым былтыр қарамағындағы 52 биеден 52 құлын алып, тегіс аман өсірді. ССР Одағы Жоғарғы Советі Президиумының Указы бойынша оған Социалистік Еңбек Ері атағы берілді.

Ғалымның болашағы әлі алда. Ол өсе береді, үйрене береді.

Ғ. ОРАЛОВ.

Спорт өнерін үйрене беріңдер!

Карт большевик, біздің тамаша тәрбиешіміз М. И. Калинин 1941 жылы Москва мектептері оқушыларының жыйналысында физкультура мен спорттың пайдасы жөнінде аса бағалы өсиет айтты. Онда «Орыс тілі және математикадан кейін физкультура ең керекті пән болып табылады» деді М. И. Калинин.

Оқушы, пионерлер бұл өсиетті естеріне берік сақтап келеді. Оны аса бағалы тұтып, физкультура және спортпен үздіксіз шұғылданып отыруға дағдыланды. Соның нәтижесінде балалардың ішінен жас спортшылар өсіп, оның қатары күн сайын көбейіп келе жатыр. Болашақта біздің жас спортшыларымыздан даңқты спорт шеберлері шығатынына сөз жоқ. Быйылғы жылы июль айында болып өткен жас спортшылардың республикалық жарысында оқушы, пионерлер спортпен айрықша шұғылданып, оны ойдағыдай меңгере бастағанын көрсетті.

Жас спортшылардың жарысы республикамызда быйылғы жылы тұңғыш рет өткізіліп отыр. Бұл жарысқа 13 облыстан 246 жас спортшылар қатынасты. Бұлар спорт түрлеріне қарай 15 командаға іріктеліп бөлінді. Үш күнге созылған бұл жарыста спортшы оқушы, пионерлердің мұқият әзірленіп келгені байқалды.

Жарыста Жамбыл облысынан келген жас спортшы Коля Барышев 100 метр қашықтыққа жүгіруден бірінші орын алды. Ол бәрінен бұрын 100 метр жерді 12,2 секундте жүгіріп өтті.

Қарағанды облысынан келген жас спортшы Боря Андреев 1000 метр қашықтыққа жүгіруден республика бойынша рекорд жасады. 1000 метр жерді 2 минут 49,2 секунд ішінде жүгіріп өтті. Осы сыяқты спорттың басқа түрлерінен де республика бойынша жаңа рекорд жасағандар бар.

Алматы облысынан қатынасқан Г. Матвеев 1 метр 68 сантиметр биіктіктен секірді. Володя Гребенщиков (Қарағанды облысынан) 57 метр 60 сантиметр қашықтыққа, Тамара Рязских (Семей облысынан) 37 метр 58 сантиметр қашықтыққа гранат лақтырып, рекорд жасады.

Жас спортшылар жарысының нәтижесінде спорттың әр түрінен республика бойынша бірнеше жаңа рекордтар жасалды. Бұл аса қуанарлық іс болып табылды.

Жалпы команда составымен алғашында Семей облысының спортшылар командасы барлық жағынан ең күшті команда екені анықталды. Олар жарыста бірінші орынға ие болды. Екінші орынға Қызылорда облысының, үшінші орынға Алматы облысының құрама командалары ие болды.

Жарыста барлық жағынан жақсы әзірлікпен келіп, үздік шыққан жеке спортшылар мен командаларға Қазақ ССР Оқу Министрлігі бағалы сыйлықтар тапсырды. Сонымен қатар Қазақ ССР Министрлер Советінің жанындағы республикалық физкультура және спорт істері комитетінің дипломы берілді. Жарыста озын шыққан 27 жас спортшы ҚЛКЖО Орталық Комитетінің хұрмет грамотасымен наградталды.

Республикалық жас спортшылар жарысында озып шығып, спорт өнерінің жақсы үлгілерін көрсеткен 27 жас спортшы бүкілодақтық спорт жарысына қатынасты. Бұл жарыс быйылғы август айының ішінде Ленинград қаласында өткізілді.

Қазақстандық жас спортшылар мұнда республика даңқы үшін күресті. Бүкілодақтық жас спортшылар жарысында қазақстандық спортшылар алдыңғы қатардағы орынға ие болып қайтты.

Быйылғы жылы спорт жарысы осындай жақсы қортындылармен аяқталды.

Большевиктер партиясы мен оның көсемі данышпан Сталин әр уақытта совет балалары мықты және батыл болып өсуіне зор қамқорлық жасап отырады. Совет балалары осы тілекке сай өсетін болуы керек. Ол үшін спортпен үздіксіз шұғылдана беретін болсын.

И. ОКРУЖКО.

ҚЛКЖО Орталық Комитетінің соғыс-физкультура бөлімі меңгерушісі.


Жас шахматшылар жарысы

Республикамыздың астанасы — Алматы қаласында жас шахматшылардың жарысы болып өтті. 16 облыстан келген таңдаулы жас шахматшылар 12 күн бойына республикамыздың шахмат жөніндегі чемпионы атағын алу үшін қатты күрес жүргізді.

Бұл жарыс астана жұртшылығын қызықтырды. Әсіресе жас шахматшылар ойынды көруге үзбей қатысып отырды.

Жас шахматшылар жарысына Ақтөбе, Ақмола, Қызылорда, Оңтүстік Қазақстан, Қостанай, Павлодар, Семей, Батыс Қазақстан облыстарының және Алматы қаласының өкілдері қатысты. Жарыстың бірінші күнінен бастап-ақ Алматы қаласындағы 28-орта мектептің оқушысы Ким Резник өзінің шахмат жөніндегі шеберлігімен ерекше көзге түсті. Ойынның аяғына дейін ол өзгелерден үздік отырды. Ол барлық 15 ұтыстың 14,5 ұтып шықты. Сөйтіп ол балалар арасынан 1948 жылғы республикамыздың шахмат жөніндегі чемпионы атағын алды.

Төменде жас шахматшылар Давид Фарбер мен Рафаэль Маркарьянның бір ойынының аяқталуын келтіреміз. Ақ тастармен ойнаған Фарбер.



Диаграммадағы екі жақтың ойынының бұл қалпы қара тастардың 20-жүрісінен кейінгі жағдай. (К. д. 6).

Осы жағдайдан соң Фарбер екі жай тасын шеберлікпен құрбан етіп, ойынды өз пайдасына аяқтады.

21. Кf5:g7! Кр. g8:g7

22. Сс1—h6+! Кр. g7, h6

Бұл жүріс еріксізден жүріліп отыр. Өйткені 22. Кр. g8 жүрістен соң

23. Фf6 және «g7» де мат болар еді.

23. Ff3—f6, F. c1.e1+

24. f2—3 келесі жүрістің хауінен қаралар берілуге мәжбүр болды.

Өйткені 25: Лg3—h3x;



Сталинградқа саяхат

Өткен август айында Орал қаласындағы пионерлер үйінің 25 пионері Сталинград қаласына саяхаттап барды. Жас саяхатшыларды Оралдағы Қазақтың педагогикалық институтының оқытушысы Воронкова жолдас пен қалалық пионер үйінің қызметкері Киселева жолдас-тар басқарды.

Жас саяхатшылар Саратов қаласына дейін поезбен, ал Саратов қаласынан Еділ өзенін бойлап пароходпен Сталинград қаласына келді. Олар жолшыбай көп пәрселерді кө-

ріп білді, оларды жорық дәптерлеріне жазып отырды.

Жас саяхатшылар Сталинградтың көптеген мектептерінде, пионерлер үйінде, кинотеатрларында болды. Ұлы Отан соғысының ұрыстары болған жерлерді көрді. Генерал Чуйковтың 62 армиясы қорғаған кварталдарда және қазақстандықтардан құралған дивизия қорғаған көшені аралады. Бұл көше қазір Қазақ көшесі деп аталады. Бұл көшені көргенде жас пионерлер өздерінің қазақстандық жерлестерінің Сталинград қаласын қорғаудағы теңдесі жоқ ерліктерін өз көздерімен көргендей болды, олардың бойларында мақтаныш сезімі пайда болды.

Мұнап кейін жас саяхатшылар атақты Сталинград трактор заводында болды. Заводты қалпына келтіру жұмыстарымен танысты. Азамат соғысы және Ұлы Отан соғысы жылдарында Сталинградты қорғауға қатысқан адамдармен кездесіп әңгімелесті.

Жақында жас саяхатшылар Сталинград қаласынан Оралға қайтып келді. Олардың келуі хұрметіне пионер үйінде қалалық пионер жыйыны өткізілді. Сталинград қаласына саяхаттап барған жас саяхатшылар жыйында қаһарман қала туралы, опың ержүрек адамдары туралы және Сталинградта қалпына келтіріліп және жаңадан салынып жатқан құрылыстар туралы көптеген әңгіме айтты. Олардың бұл әңгімелерін оралдық жас достар асқан сүйіспеншілікпен тыңдады.

Ақылима МҰҚИНА.


Батыс Қазақстан облысы, Орал қаласы, пионерлер үйі.

Спортшылар спартакиадасы

Астанамыз Алматы қаласына республикамыздың он үш облысынан жас спортшылар келді. Олар астана жұртшылығына өздерінің өнерлерін көрсетіп, өзара күштерін сынасты.

Бұл күндері «Динамо» стадионы мектеп оқушылары мен пионерлерге лық толды. Жас спортшылардың өнерлерін көру үшін олардың ата-аналары мен апа-ағалары да келді.

Жас спортшылардың республикалық спартакиадасында мектеп оқушылары спорттың төрт түрін ойнап өтті. Оның ішінде жеңіл атлетика, гимнастика, суда жүзу және басқа да спорт ойындарының түрі бар.



Бұл спартакиадаға республикамыздың мектеп оқушыларынан 250 жас спортшылар қатысты. Олардың барлығы да спартакиадаға жақсы әзірленгендігін көрсетті. Соның нәтижесінде жас спортшылардың көпшілігі алдыңғы орындарға ие болып, бағалы сыйлықтар алды.

Алматы облысынан келген жас спортшы Гусева 1 метр 35 сантиметр биіктіктен секіріп, екінші разрядка ие болды. Сол сыяқты дене қыймылы өнерін тамаша меңгеріп, спорттың бұл түрінен үздік шыққан жас гимнастшылар Чекалин мен Гуковалар да екінші разрядка ие болды.

Спорт өнерінің әр түрінен 30 жас спортшыға үшінші разряд берілді.

Спартакиадада спорттың барлық түрінен Семей облысының жас спортшылары алда болды. Одан кейінгі екінші орынды Қарағанды облысынан келген жас спортшылар алды.

Мектеп оқушыларының республикалық спартакиадасы төрт күнге созылды. Мұнда жас спортшылар спорт ойындарының көптеген түрінен өз өнерлерін көрсетті. Олардың ішінен үздік шыққан жас спортшыларға бағалы сыйлықтар берілді.

Сыздық МУСИН,

Алматы, 25-ербалалар мектебі.

Колхоз балалары



Тұрар мен Тұрсатай бақшашы Омардың баласы. Екеуі де Тельман ауданының Елтай мектебінде оқиды. Быйыл Тұрар төртіншіде, — Тұрсатай екінші класта.

Осы Доскей колхозының «Көк бұлақ» (Қарағандыдан 20 шақырым) деген жерде үлкен бақшасы бар. Бұрын бұл арада жауқыяқ пен аласаши, жусаннан басқа ешбір өсімдік шықпайтын еді. Қазір неше түрлі жемістермен бірге алма ағашы өсіп мәуелеп тұр.

Тұрар мен Тұрсатайдың атасы Омар қарт 10 жыл бойы осы бақшаны күтіп, өсіруде болған.

Омар қарт балаларын түрлі өнерге баулып, жақсы өнеге үйретеді. Тұрсатай 5 жасқа келгенде домбыра үйреніп, бірнеше әнді өз бетімен тартатын болған. Қазір ол домбыра өнеріне едәуір жетіліп қалыпты. Тұрар тақпаққа шебер.

Өткен көктемде, егіннен мол өнім алғандарға Социалистік Еңбек Ері атағын берген кезде Тұрар:

Мен ер болам, ер болам,

Ермен ертең тең болам. — деп, көшеде тақпақ айтып келе жатса, алдынан Омар қарт кездесіп,

— Тұраш-ау, ер мен сен қалай тең боласың? — дегенде:

— Ерлік еңбек етем! — депті іркілместен Тұрар.

Тұрардың бұл сөзі атасының есінде қалды. Ол кейде мұны қуаныш көріп әркімге айтып та жүрді.

Атасына айтқан сөзін ақтау үшін Тұрар оқу жылы аяқталып, жазғы демалысқа шығысымен егін даласына жұмысқа бармақ болғанда, кішкентай Тұрсатай мен Мұсатаев Сабыр, Советтер де одан қалыспай егін даласына бірге шығыпты.

Жақсылық Нұржанов, Кәмлет Бейсембеков, Сағымбай Кеншімбаев, Мұқаш Еркөтаевтар Тұрардың мектептес жолдастары.

Быйыл бұлар жаздың жақсы күндерін егін даласында, еңбекпен өткізбек болды.

Тұрардың үйі бақша егісінің бригадасына жақын, ал басқалары бірінші егін бригадасында тұрады.

— Бірлесіп жұмыс істейтін болсақ, Тұрар сен бізбен бірге бол. — деді жолдастары. Тұрар алғашқыда оларды бақшадағы жұмысқа шақырды. Кәмлеттар оған бақша егісінің бабын білмейтіндіктерін айтты.

— Ендеше, — деді Тұрар, — мен сендермен бірге барайын, — бірақ, бақша егісінің бабын білмегендерің жақсы емес, біз бәрінде үйренуіміз керек. Июль айының аяғына дейін бидай егісінде істейік, онда арам шөп

жұмысы біткен соң бақшаға келеміз.

Тұрардың бұл кеңесіне жолдастары ризалық білдіріп, бір ауыздан сөз байласты.

Осы уәде бойынша Тұрарлар жаздай «Торқасқа» дағы бидай егісінің арам шөбін жұлды. Оны бітірген соң оқу басталғанша, бақша егістерін баптауда болды.

Балалардың ұйымдасқан ісіне колхозшылар да назар аударып, ағалық ақыл айтып, еңбекке баулыды.

Жаңа оқу жылы басталар алдында Тұрарлар колхоз есепшісінен қанша еңбеккүн тапқандығын білгісі келді.

— Әр қайсысың — деді есепші Жанайдар — 90 еңбеккүн тауысыңдар.

— Тоқсан! Әрқайсымыз тоқсан!!! — деді Тұрар жолдастарына, — біз енді демалыс күндері комбайн соғынап масақ тереміз, еңбеккүн бұдан да көбейеді!!!

Жас достар мектепке бара жатқанда:

Мен ер болам, ер болам

Ермен ертең тең болам,

Еңбек етсем, ел сүйсем,

Кімдерден мен кем болам?! —

деген өзі сүйіп айтатын өлеңін Тұрар бастап еді, Сағымбай мен Кәмлеттар оған қосыла кетті.

Еңбек сүйген жас достардың бұл нәзік үні өздеріне жарасып, өзгені қызықтырып тұрды.

Ж. ӨМІРБЕКОВ


Қарағанды облысы, Тельман ауданы, Доскей атындағы колхоз.

Жолтай быйыл мектепке келді

Менің кішкентай інім Жолтай быйыл жетіде, бірінші класқа түсіп оқиды. Мен оны оқу жылы басталмас бұрын мектепке жаздырып қойдым.

Біз Ақмәди, Қуандық үшеуіміз бұрын мектепке бірге барушы едік, енді біздің қатарымызға Жолтай қосылды.

Жолтай «Пионер», «Мурзилка» журналдарын қолына алып оқыймын деп беттерін аударыстырады. Бірақ




«А» мен «Б» дан басқа әріпті танымайды.

Жолтай хат танымаса да әңгіме, ертекті жақсы көреді. Біз дауыстап оқығанда, ол уқыпты тыңдайды. Кейбір сөздерін ұғып алып айтып жүреді. Ол «Асан мен Үсен», «Өрт», «Азамат», «Халық батыры» деген әңгімелерінің мазмұнын жатқа біледі.

Мақсұт АУЖАНОВ,

Қарағанды, Жамбыл атындағы № 7 қазақ орта мектебі.

Малдардың жаңа тұқымдары



Шомбал тұқымды жылқы

Иванов және Владимир облысының колхозшылары жылқының жаңа шомбал (ауыр жүк таситын) тұқымын шығарды. Ол «Владимирлік» тұқым деп аталады.

Бұл облыстардың шаруалары ертеден ақ жылқы тұқымын жақсартумен шұғылданған еді. Бұл жұмыс жергілікті тұқыммен шомбал аттардың жақсартылған тұқымын будандастырудың жолымен жүргізілді. Владимирлік шомбал аттар тұқымын шығаруда Гаврилово — Посад ауданындағы мемлекеттік атқораның мамандары көп еңбек сіңірді.

Владимир тұқымды аттардың шетел ат тұқымдарынан әлде қайда айырмасы бар. Мысалы: Владимир шомбалы Англияның клейдесдалы деген атынан өзінің кеуде тереңдігі және жалпақтығы, қызба ширақтылығымен, қатыңқы мүсімімен, тұяқтың беріктігі және еркін қыймылымен артық.

Владимир шомбалы жұмысқа өте берік, сұлу ірі ат. Сынға салғанда Гранит деген айғыр 10,5 тонналық жүк тартты, ал Перец деген айғыр жүкті жедел жеткізу сынына 4 тонна жүкті сүйреп, 10 километр жерге 1 сағат 39 минутте келді. Бұл тұқымды аттың ауылшаруашылық жұмыстарына да қаблеті күшті.

Владимир тұқымды аттар тез өсіп жетілудің бірімен де бағалы. Владимир және Иванов облысы колхозшыларының мұндай тұқымнан 11 мыңнан астам жылқылары бар.

Костром сыйырлары

1920 жылы Костромск облысында «Бараваево» совхозы ұйымдастырылған болатын. Ірі қара малдардың жаңа тұқымдарын өсіруде бұл совхоз аса үлкен орын алды. Костром тұқымдас сыйыр деп аталатын ірі қара малдың жаңа тұқымы осы совхозда өсірілді.

Костром тұқымдас сыйырдың денесі сұлу, сымбатты, әрі үлкен болады. Ден саулығы күшті, жергілікті ауа райы жағдайына тез бейімделіп, әрі суыққа да, ыстыққа да төзімді келеді.

Бұл сыйырдың аса құнды жерінің бірі—сүтті мол беретіндігі және етінің көптігі болып саналады. Сондықтанда елімізге сүтті мол беру жағынан «Бараваево» совхозы аса



көрнекті орынға ие болды. Соңғы сегіз жылда костром тұқымдас сыйырлардың әрқайсысы орта есеппен 6000 литрден сүт беріп келді, ол кейбір жекелеген сүтті сыйырлар 8000 — 10.000 литрден сүт берді.

Костром сыйыры тек сүтті мол беріп қана қоймай, сонымен қатар етті де көп береді. «Бараваево» совхозындағы әрбір костром сыйырының салмағы 649 килограмм тарталды. Ал, кейбір жекелеген ірі сыйырлардың салмағы 760—800 килограмға дейін жетеді.

Бұрын костром сыйырлары тек Костромск, Иваново, Владимирск және Ярославск облыстарында ғана өсірілсе, енді еліміздің барлық аудандарында да көптеп өсірілуде.

Қойлар тұқымдары


Қой совхоздарын және колхоздарда товарлы қой фермаларын көптеп ұйымдастыру нәтижесінде біздің еліміз үлкен табыстарға жетті. Оған дәлел: 1923 жылы елімізде тек 340 мың биязы жүнді және жартылай қатты жүнді қой болса, ал 1940 жылы олардың саны 22,1 миллион басқа жетті.

Осындай қысқа мерзім ішінде миллиондаған биязы және жартылай қатты жүнді қойлар өсіруге малшыларымыздың қой шаруашылығында жаңа тұқымдар шығару және қолдан ұрықтандыруды кең қолдана білудегі еңбектері себепші болды.

Академик Ф. В. Иванов биязы жүнді қойлардың асканий рамбульесі деген жаңа өте бағалы тұқымын шығарды. Меринос қойлары ішінде ең көп жүндісі де, тірідей салмағы артығы да осы. Бұл қойлардың орта тірідей салмағы 80—100 килограмм болса, үздіктерінің салмағы 157 килограмға жетеді. Орта есеппен саулықтан 5 — 5,5 килограмм, қойлардан 10—12 килограмм, ал үздіктерінен 18—20 килограмнан жүн қырқылады.

Ставрополь өлкесіндегі «Большевик» асыл тұқымды қой совхозы жоғарғы аталған асканий рамбульесін жергілікті мериностармен будандастыру арқылы кавказ рамбульесі деген көп биязы жүнді қой тұқымын шығарды.

Бұл тұқым еліміздің көптеген облыстарына таралып келеді.



Асканий мериносы.

Аңдар қалай өрмелейді

Әрбір жәндік өзіне тамақ іздегенде және жаудан қорғанғанда өз әлімше өрмелей алады.

Ала тоқылдақ тоғай ішінде айқай салады да, тырнағымен ағаштың қабығына жабысты. Ол ағашқа құйрығымен тіреліп отырады, тұмсығымен шоқып, ұзын тілімен ағаш қабығының астынан жәндіктерді тауып жейді. Міне ол бір ағаштың бұтағына қонып еді, тырнақтарымен жармасып, шоқый отырып, біртіндеп жоғары ағашты бойлап өрлеп ең басына жеткенде, ұшып барып екінші ағашқа қонды. Оның күнібойғы әрекеті осы.


Стенолаз-күстардың ішіндегі бір ғана альпинисті деп саналады. Ол өткір тырнақтарымен жартастарға жабысып, жапсарларынан құрттарды іздеумен ұзақ күнді өткізеді. Ол көбінесе таулы жерде жүреді. Оның қызыл күрең қанаттары болады, сол қанаттарын жазып сілкігенде ол көзге тез шалынады.

Аюдың балалары тоғай ішінде ойнап, бірін-бірі қуалап, ағаштың ең басына шықты. Тырнақтары өткір, табандары тезімді болғандықтан олар ағаш басына оңай өрмелей алады.

Таутеке өзінің өрмелемпаздығымен жұртты таңдандырады. Ол биік жартастарға қыялай шауып келіп, оның көдір-бұдырлары мен жапсарларына

жабысып, шың басына шығып кетеді. Оны қуғандар артынан қарап, тамсанып қала береді.

Мысық телеграф бағанасының басына шығып доғаша бүгіліп алып, итке қарап ысылдады. Ол иттен қашып бағана басына шыққан еді. Мысықтың табандары жастықтай жұмсақ болса да, керек болған жағдайда өткір тырнақтарын жазып жіберіп, не нәрсеге болса да жабыса алады.



Тышқандардың ішінде ең кішкене және еңбек сүйгіш бір түрі бар. Ол күстар секілді шөп арасына ұя салып сопың ішінде тұрады. Оның қармақ секілді табандары мен маймылдың құйрығына ұқсас құйрығы шөп басына секіруіне жәрдем етеді.

Кесертке жер бетінде ғана жорғалап жүретіндігін бәріміз де білеміз. Бірақ, шөл далада «агама» деген кесертке бар. Ол ыстықтан сақтану үшін жарты күн ағашқа шығып отырады.

Жылан балшықтан соғылған тік дуалмен жорғалап, қарлығаштың балапандары жатқан ұяға бара алады. Оның бұлай жорғалауына қабырғалары мен қарнындағы қатты бүрлері жәрдем етеді.

Өрмекші, шыбын және басқа сол сияқты ұсақ құрт-құмырсқалар өрмелеу жөнінде ең шебер және үздік жәндіктер деп есептеледі. Олар денесі жеңіл болғандықтан үйдің төбесінде, моткелерде аяқтарын жоғары жіберіп, ұсақ бүршіктерге жабысып, шалқалай, өрмелеп жүре береді.



ОМОНИМДАР


«Омоним» дегеніміз тұлғасы бір, мағнасы әртүрлі сөздер. Мысалы: «Бас» деген сөз бірде адам мүшесі, бірде етістіктің бұйрық райы болады. Балалар, мына төмендегі омоним сөздерді ойлап табыңдар.

1. Мен өзім-маталардың таңдаулысы,
Көйлек қып мені киген талай кісі.
Сан елді география сабағында,
Алады менен танып бар оқушы.
2. Бірде мен етістікте бұйрық рай,
Болғамын ер қанаты тадай-талай.
3. Түсімін заттың мен кейде,
Жерге де шығам көктемде.

Ж А У А П

«Пионер» журналының 1947 жылғы 11 санында басылған Жанғалақ Жанысовтың сұрауына жауап: 1. Абайдың «Білімдіден шыққан сөз» деген өлеңінен, 2. Нұрпейістің «Сталин» деген өлеңінен, 3. С. Мұқановтың «Колхозды ауыл» поэмасынан, 4. М.Әуезовтың «Бекінген ел бекерге білек сілтемес» деген мақаласынан, 5. Т. Шевченконың «Өсиет» атты өлеңінен, 6. А. Тоқмағамбетовтың «Сәуле» деген өлеңінен, 7. Қ. Абдықадіровтың «Соғыста соғыс ерлерше» деген өлеңінен, 8. С. Мұқановтың «Сөз — Советтік Армия» деген поэмасынан, 9. Ж. Молдағалиевтың «Отан» деген өлеңінен, 10. К. Сатыбалдиннің «Мен—қазақтың ұлымын» деген өлеңінен.

Дұрыс жауабын жібергендер Тайқара Төкенов (Оңтүстік Қазақстан облысы, Шаян ауданы, Жүзімдік мектебі), Мырқы Ақпантаев (Қарағанды облысы, Қарсақпай қазақ орта мектебі), Ғазиз Шалабаев (Көкшетау облысы, Рузаев ауданы, Теңдік бастауыш мектебі).



Иса жырлары

Жуырда Қазақтың Біріккен Мемлекет Баспасы орденді ақын Иса Байұзақовтың таңдамалы шығармаларын басып шығарды. Жыйнақты құрастырған Қазақ ССР Ғылым Академиясының Тіл және Әдебиет институты.

Бұл жыйнаққа Исаның 50 шақты өлеңі мен атақты поэмалары кірген. Бұлар Иса қалдырған мұраның таңдамалысы. Ұсақ өлеңдердің көбі, «Мен жазатын өлең сол, жаңа бақыт, жаңа жол», — деп ақынның өзі айтқандай, жаңа дүние тақырыбына арналған.

Иса жырларының тақырыбы өте бай, аралуан.

Сүйікті көсемдеріміз Ленин мен Сталин, әділ заманның алғашқы алтын беті — Октябрь революциясы, социалистік жаңа құрылыстар, әйел теңдігі, ел қорғаны — Совет Армиясы мен Қызыл Флот, Совет ұшқыштары, өнімді еңбек, «Жермен күрес салуға, жеңіп жеміс алуға» құлшынған жаңа адамдар, Сталиндік ұлы заң, Отан соғысы батырлары т. б. тақырыптарды алып Иса көркем сөзбен, шебер тілмен жырлаған.

Иса жырларын оқыған адамның көз алдына жанды сурет, жаңа адам, жанарған дүние келеді, қайта туған қазақ халқының кең байтақ даласы мен адамдарын суреттейді. Бұлардың көбі елге таралып, әнге қосылып халықтың сүйікті ән-өлеңдеріне айналған. «Алатау», «Жастар», «Қарағанды», «Қалқа», «Наз қоңыр» т. б. өлеңдерді білмейтін жан жоқ деуге болады.

Екінші бөлімде 7 поэма бар. «Күралай сұлу», «Қойшының ертегісі», «Алтай аясында», «Кавказ», «Ақбөпе», «Қырмызы-Жанай» сыяқты ащы арманның құшағында, ұлы өмірдің тұсауында зарлап өткен адамдарды, тап тартысын суреттейтін поэмалардан басқа «Он бір күн, он бір түн» атты бүгінгі күн тақырыбына арналған поэма бар. «Он бір күн, он бір түн» поэмасы



совет елінің батыр ұшқыш қыздары В. Гризодубова, П. Осипенко, М. Расковалардың «бақыттың айға аттанған алыбы» — «Родина» самолётымен қонбай ұшу сапарын баяндайды. Ұшудың үшінші күнінде самолёттің бензині бітіп, экипаж қонуға жайлы жер іздейді. Сол себепті Марина парашютпен жерге түседі.

Бірақ қалың орман ішінде экипаждап көз жазып қалады. Он бір күн, он бір түн орман ішінде жападан жалғыз қалған Марина тағы аңдарға, дүлей өртке де бас имей, бәрін жеңіп шығады.

Иса — ауыз әдебиетімен жазба әдебиетті шебер ұштастыра білген ақын. Ол қолма-қол шығарын айтатын да, жазып та шығаратын еді.

Иса шығарып, жазып қалдырған асыл мұра көп. Ол, әсіресе айтысқа көп түскен ақын, сол мұраның көбі ел аузында айтылып жүр. Балалар, сендер бұл жыйнақты оқып шығып, Исаның әдемі жырларымен танысу, әндерін үйренумен қатар, ел аузынан Иса өлеңдерін жазып алып, оларды жыйнасуға ағ салысуларың керек.

М. ӘЛІМБАЕВ.

МАЗМУНЫ

С. Бакбергенов — Ол партаға отырды	1
Т. Тегісов — Жазылып бітпеген хат	2
Ә. Сембаев — Жаңа оқу жылында жақсы оқындар	2
В. Осеева — Жаңа мұғалім (әңгіме, соңы)	3
Д. Әбілев — Жас азамат (поэма)	6
В. Лидин — Бұғы (әңгіме)	8
Т. Дарқанбаев — Академик Т. Д. Лысенко — Мичурин ғылымдарын дамытушы	11
Н. Дыхнов — Комсомол жаңа бесжылдықта	12
Л. Н. Толстой — Арыстан мен күшік. Атасы мен немересі	14
Ә. Сәрсенбаев — Ұлым туралы ой (дастан, соңы)	16
Н. Шәкенов — Ертіс (өлең)	17
М. Исаев — Мұғалім (өлең)	*
С. Сарғаскаев — Шын мен өтірік (өлең)	*
Ғ. Оралов — Еңбек Ері (Очерк)	18
И. Окружко — Спорт өнерін үйрене беріңдер!	19
Е. Браун — Жас шахматшылар жарысы	*
Біздің почта	20
Малдардың жаңа тұқымдары	22
М. Зверев — Аңдар қалай өрмелейді	23
Ойлап тап	*
М. Әлімбаев — Иса жырлары	24

Мұқабаның бірінші бетіндегі суретті салған К. Баранов.
Мұқабаның төртінші бетіндегі суретті салған В. Нестеров.

Редколлегия мүшелері:

Т. Абдрахманов (жауапты редактор), Ә. Бектұров, К. Борамбаев, Х. Доспанова, Қ. Жармағамбетов, М. Иманжанов, Ә. Сәрсенбаев, Ә. Сытдыков, А. М. Черкасский.

Тех. редактор А. К. Доморошин.

Редакцияның адресі:
г. Алма-Ата, проспект Сталина, 73.
Редакция журналы «ПИОНЕР».

Подписано к печати 20-IX-48 УГО1745
Объем 3 п. л. Тираж 10.000

Гостипография №3 Управления Полиграфии и Издательств при Совете Министров КазССР и г. Алма-Ата № 631



Оқушыларымыздың сұрауларына жауап

Паровозды кім және қашан ойлап шығарды?

Жамбыл облысы, Луговой ауданы, қазақ орта мектебінің оқушысы
Махмет Теміровтың сұрауына жауап.

Бірінші паровозды ойлап шығарған орыс халқының талантты ұлы Ефим Алексеевич Черепанов болды. Ол Нижне — Тагильдегі кен заводында механик болып істейтін.

Черепанов «құрғақта жүретін кеме» ойлап табуды арман етті. Бұл ойын іске асыру үшін ол көп жылдар бойы еңбек етті.

Ол паровоздың құрылысын жоспарлап, өлшеп болғаннан кейін өзінің баласы — Миронмен бірге паровозды жасауға кіріседі. Сөйтіп Черепанов басқалардың көмегінсіз-ақ өзі бірінші паровозды жасап шығарды, ол оны «құрғақта жүретін кеме» деп атады. Бұл 1834 жылы еді.


Черепановтың паровозы қатарынан төселінген екі рельстің үстімен, бұдың күшімен алға қарай қозғалды. Оның вагонына мыңдаған пұт көмір тиелген еді. Ол сондай жүкпен сағатына он бес километр жер жүретін.

Бірақ Черепановтың бұл паровозы көпке дейін жұртшылыққа мәлімсіз болып келді, патша өкметі оны Ресияның транспортының дамуы үшін пайдалана білмеді.

Қазір біздің еліміз дүние жүзіндегі

ең күшті темір жолды мемлекетке айналды. Темір жол транспорты жөнінде біз капиталистік елдердің барлығын да басып оздық.

«ФД» атты жүк тасыйтын совет паровозының 2500 аттық қуаты бар. Бұл Европадағы ең күшті паровоз болып есептеледі. Ал «Л» атты жүк тасыйтын паровоз салмағы 3 мың тонналық поезды сағатына 85 км. жылдамдықпен тартады. Бұл паровоздар ұзындығы бір километрлік составты тарта алады.



Черепановтың паровозы.

Балықтарда дыбыс бола ма?

Қарағанды облысы, Нұра ауданы қазақ орта мектебінің оқушысы
Жәмילה Хасенованың сұрауына жауап.

Халық арасында «балықтай мылқау» деген мәтел бар. Әрине, бұған қарағанда балықтарда дыбыс та, үнде жоқ деп ойлауға болады. Бірақ бадық біткеннің барлығы бірдей мылқау емес, кейбір балықтар «сөйлей» біледі. Ал кейбір адамдар балықтардың сөйлескеніне түсіне де біледі. Малай жарты аралының балықшылары теңіздегі балықтың дыбысынан оның аз-көптігін, жақыналыстығын және оның түрін жақсы ажырата біледі. Мысалы күміс түсті ақ табан балықтар «ие-ие» деген дыбыс шығарады. Егерде сол ақ табан балық шоғырланып келе жатқан болса, оның дыбысы «ройе-ройе» деп алғашқы дыбысынан мүлде өзгеше болып естіледі.

Әртүрлі балықтың өзіне тән «ды-

бысы» бар. Тұщы судағы кейбір балықтардың дыбысы жуан дауысты немесе қорқылдап естіледі. Әсересе теңіз балықтары «сөйлегіш» болады. Дүние жүзіндегі барлық теңіздер мен мұхиттарда «дыбыс шығарғыш» балықтар болады. «Дыбысты» балықтардың барлығы үнін жүзу торсылдағы арқылы шығарады. Жүзу торсылдағы балықтың дыбыс шығаратын мүшесін қозғалысқа келтіргенде ғана, дыбыс пайда болады.

Балық дыбысты тамақтанған немесе қыймылдап жүрген кезде шығарады. Тәжірибелі балықшылар балықтың дыбысынан олардың түрін, аз-көптігін, алыс-жақындығын ғана емес, сонымен қатар олардың тамақтанып тұрғанын немесе жүріп келе жатқанында ажырата алады.

Күндіз кино көруге бола ма?

Ақмола қаласы, 5-қыз балалар мектебінің оқушысы Қафия Айнабекованың сұрауына жауап.

Кешке, бөлме ішінде шам жағылғанда, үйдегі әрбір затқа көлеңке пайда болады. Ал, бөлмеде күндіз шам жағылса, заттарға көлеңке пайда болмайды.

Кино да сол сыяқты. Киноның экранында бізге көрінетін құбылыстар тек көлеңкелер ғана. Егер экрандағы ақ шымалдыққа күн сәулесі түссе, экрандағы бізге көрінген құбылыстардың барлығы да жоғалып кетеді. Сондықтан да күндізгі жарықта және электр жарығында кино көрсетілмейді.


Бірақ киноны күндізгі жарықта көрген қызық болар еді. Өйткені біздің еліміздің оқу орындарында жүздеген фильмдер оқу құралы есебінде пайдаланылады. Мысалы, киноның көмегімен ұшқыштар самолетті зерттесе, шоферлер автомобильді зерттейді. Сол сыяқты студенттер мен оқушыларға да сабақ үстіне ғылыми фильмдер көрсетіледі. Мұндай жағдайда күндізгі кино өте хажетті.

Міне, совет адамдарының осы хажетін совет инженері Р. И. Новицкий бірінші рет ашты. Ол күндізгі жарықта көрсетілетін кино ойлап тапты. Оның бұл ойлап тапқан киносына күн жарығы да, электр жарығы да кедергі жасай алмайды.

Ал, күндізгі кино қалай жасалған? Енді осыған келейік. Бөлме ішінде күндіз шам жағылса, затқа көлеңке түспейді дедік. Ол затқа күндіз көлеңке түсіру үшін сол затты күн жарығынан тасалау керек. Міне, Новицкий де дәл осылай істеді.

Ол киноның экранын көпшілікке қаратып қоймай, қайта теріс қаратып жоғары іліп қояды. Сонсоң оны бөлменің жарық түсетін жағынан қара шымалдықпен тасалайды. Енді экран тіпті кино көрушілердің өзіне де көрінбейтін болады.

Ал, экран тұратын қабырғаға үлкен айна орнатылады. Сонда экрандағы құбылыстар айнаға түсіп, одан кино көрушілерге өте анық көрініп тұратын болады.



Бағасы 2 сом.

ЖАЗАЛАНҒАН УРЫ

Сөзі Қ. БОРАМБАЕВТІКІ.

Суреті В. НЕСТЕРОВТІКІ.



Бір ұры күскораға түсіп күнде,
Тіміскіп, маза бермей қойды мүлде.
Бір бірлеп балапанды тауысатып,
Құсымды бөгет болып өсіруге.

Бүгін де жоқ бол шықты бір балапан
Білдірмей алып кеткен күскорадан.
Ұры екен жүрек жұтқан, әрі айлашыл.
Иттен де сескенбепті арсылдаған.



Көп ойлап, мен де өзімше таптым айла,
Қоймастай ол ұрыны енді жайға,



Байладым созылмалы жіпке итімді
Құтылар енді одан ұры қайда!



Ол ұры — еркек мысық, бір түн тағы
Келіпті балапанға қорадағы.
Саркасқа ашу қысып тап бергенде,
Жөнелді ұры мысық шығып жаны.

Осылай каракшы ұры жазаланды,
Ұрлаудан тыйылды ол балапанды.
Ақылым менін тапқан естігенде,
Танқалтты, танырқатты балаларды!